Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті КеАҚ

ӘОЖ 342:631(043) Қолжазба құқығында

КУАНДЫКОВА ЭЛЬВИРА СЕРИКБАЕВНА

Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздері

8D04203-Құқықтану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
заң ғылымдарының докторы, профессор
Байдельдинов Д.Л.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD докторы, профессор
Thomas Hoffmann (Эстония)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР…….. 3
АНЫҚТАМАЛАР..... 4
ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР..... 5
КІРІСПЕ..... 6
1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 14
1.1 Ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың кейбір теориялық мәселелері..... 14
1.2 Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылық саласын мемлекеттік басқаруға қатысты заңнаманың қалыптасуы мен дамуы.. 24
1.3 Қазіргі кезеңдегі құқықтағы ауыл шаруашылығын мемлекеттік басқаруды реттейтін нормалардың орны..... 31
2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ..... 36
2.1 Ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы мемлекеттік басқару органдары 36
2.2 Ауыл шаруашылығы саласындағы арнайы мемлекеттік басқару органдары..... 42
2.3 Ауыл шаруашылығы саласындағы фунционалдық мемлекеттік басқару органдары..... 47
3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ..... 68
3.1 Ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқаруды жетілдірудің мәселелері..... 68
3.2 Шет елдердің ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың ерекшеліктері..... 74
3.3 Ауыл шаруашылығы саласындағы халықаралық ұйымдардың қызметінің құқықтық негіздері 88
3.4 Ауыл шаруашылығын цифрлық трансформациялауды құқықтық реттеу мәселелері..... 96
ҚОРЫТЫНДЫ..... 108
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... 112

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл зерттеуді дайындау келесі стандарттарды ескере отырып жүзеге асырылды:

1 ГОСТ 7.32-2017 «СИБИД. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Ресімдеу құрылымы мен ережелері» (түзетулермен)

2 ГОСТ 7.88-2003) «Ақпарат, кітапхана және баспа стандарт бойынша стандарттар жүйесі. Жарияланым тақырыптарындағы тақырыптар мен сөздерді қысқарту ережелері»

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық зерттеу жұмыста мынадай анықтамалар мен терминдер қолданылды:

Ауыл шаруашылығы министрлігі-ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын, сонымен қатар осы бағыттағы мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіретін орталық басқару органы;

Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу- ауыл аймақтарындағы инфроқұрылымдарды дамыту, елді азық-түлікпен қамтамасыз етуді жүргізетін ауыл-аймақтардың тұрақты дамуына жағдай жасайтын, ауыл шаруашылығы өнімін өндірімен байланысты қызметтің бағыты болып табылады;

Ауыл шаруашылығы-материалдық өндірістің ең маңызды түрлерінің бірі. Ауыл шаруашылығы халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізаттың кейбір түрлерімен қамтамасыз етумен айналысады. Ауыл шаруашылығы екі үлкен саладан, яғни өсімдік шаруашылығынан және мал шаруашылығынан тұрады. Сонымен қатар оның құрамына балық аулау, аңшылық және омарта шаруашылығы да кіреді.

Мемлекеттік басқару-бұл мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының қоғамның игілігі мен мемлекетті нығайту үшін әзірленген жоспарды іс жүзінде жүзеге асыру жөніндегі шаралардың көрінісі.

Азық-түлік нарығы - ауыл шуаруашылығы өнімдерін сатумен, өткізумен тағы да басқа осы бағыттағы әрекеттерге байланысты туындайтын қатынастардың көірінісі;

Агроөнеркәсіптік кешен-ауыл шаруашлығы өнімдерін дайындау, сақтау, өндіру, тасымалдау, өткізу бағытындағы іс-шаралардан тұратын ел экономикасының бір бағытының көрінісі.

Агроөнеркәсіптік кешен субъектілері-ауыл шаурашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын, осы бағыттағы қатынастың қатысушылары болып табылатын тұлғалар;

Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы уәкілетті орган-ауыл шаруашылығы саласындағы тиісті уәкілеттік берілген қызметі, яғни агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеуге бағытталған орган.

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР

ҚР	Қазақстан Республикасы
АӨК	агроөнеркәсіптік кешен
б	бет
бб.	беттер
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ДСҰ	Дүниежүзілік Сауда Ұйымы
ЕАЭО	Еуразиялық Экономикалық Одақ
ЕЭК	Еуразиялық Экономикалық Комиссия
га	Гектар
ЕО	Еуропалық Одақ
ж	Жыл
жж.	Жылдар
ЖІӨ	жалпы ішкі өнім
КСРО	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ФАО	Біріккен Ұлттар Ұйымының азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымы
т.б.	тағы басқа

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздерінің өзекті аспектілерін зерттеуге арналған. Диссертацияда Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі теориялық мәселелері, Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылық саласын мемлекеттік басқаруға қатысты заңнаманың қалыптасуы мен дамуы, қазіргі кезеңдегі құқықтағы ауыл шаруашылығын мемлекеттік басқаруды реттейтін нормалардың орны, Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқару органдарының жүйесі және олардың қызметі, ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы мемлекеттік басқару органдары, ауыл шаруашылығы саласындағы арнайы мемлекеттік басқару органдары, ауыл шаруашылығы саласындағы фунционалдық мемлекеттік басқару органдары, Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқаруды жетілдірудің негізгі мәселелері және шетелдік тәжірибесі, ауыл шаруашылығы саласындағы халықаралық ұйымдардың қызметінің құқықтық негіздері, ауыл шаруашылығын цифрлық трансформациялауды құқықтық реттеу мәселелері қарастырылады.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасы аграрлық экономикаға негізделген ел болып табылады. Сондықтан да, біздің еліміз үшін ауыл шаруашылығын дамыту мемлекеттің негізгі стратегиялық басым бағыттарының бірін құрайды. Қазақстан астық өнімдерінен де, оны өндіру ісі бойынша да, әлемдегі алдыңғы мемлекеттердің қатарына жатады. Қазіргі кезеңде еліміз ауыл шаруашылығын тиімді жолға қойып, ауыл шаруашылық өнімдерін көп өндіретін мемлекеттің қатарына көтерілуі қажет. Сол арқылы ғана, Қазақстан өзінің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ете алады. Азық-түлік қауіпісіздігін қамтамасыз етумен қатар, жақын шет елдердің де азық-түлік қажеттіліктерін өтеп, мол табысқа жетуге де мүмкіндігі бар. Бұған еліміздің ауыл шаруашылық жерлерінің көлемі де, мүмкіндік береді. Елімізде сонымен қатар, мал өнімдерін өндірудің де, барлық алғышарттары баршылық. Оның ішінде, Қазақстанда мал шаруашылығын сан ғасырлардан бері, жүргізіп келе жатқан тарихи тәжірибенің озық үлгілері де кәдіге жарары баршамызға белгілі.

Қазіргі кезеңде елімізде ауыл шаруашылығының қарқын алып, тиімді дамымауының басты себептерінің бірі, ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың механизмінің тиімді жұмыс жасамауында. Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев соңғы Жолдауында бұл туралы былай деген болатын: «Мен «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ұсынғалы бес жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт ішінде қоғам мен билік құрылымдары арасындағы қарым-қатынас мәдениетін өзгерте алдық. Пікір білдірудің бірқатар тиімді тетігі және түрлі диалог алаңдары пайда болды. Мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен тікелей сөйлесуі қалыпты жағдайға

айналды. Бұл тұжырымдама мемлекеттік қызметшілер мінез-құлқының жаңа моделін қалыптастырды. Олар жауапкершілікпен, проактивті, ашық және тиімді жұмыс істей бастады.

Дегенмен, мемлекет пен қоғам арасындағы диалогтың сапасын одан әрі арттыра түсу үшін бәріміз адал әрі әділ болуымыз, тек заң аясында әрекет етуіміз, берген уәдеміз бен ісіміз үшін жауап бере білуіміз керек» [1, 1 б.]. Мемлекет басшысының бұл ойынан ауыл шаруашылық саласын басқарудың тиімді жаңа моделін қалыптастыру қажет деген ой туындайды. Ауыл шаруашылық саласын мемлекеттік басқаруды жетілдіру ісінде озық шет елдің тәжірибелерін елімізге бейімдей отыра, қолдану қажет. Сол арқылы ауыл шаруашылығын мемлекеттік басқарудың жаңа бағытына көшуге алғышарттар туындайтын еді.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында жалпы мемлекеттік басқарудың отандық моделінің ерекшеліктерін қалыптастыруда кешенді жұмыс жүргізілуде, оның тұжырымдамалық негізі айқындалып, әр түрлі ұсыныстар әзірленуде. Сондықтан да, біздің ойымызша жалпы мемлекеттік басқарудың, оның ішінде, ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың өзіндік моделін қалыптастырудың уақыты жеткендей.

Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздерін, еліміздің ауыл шуаруашылығы экономикасының қажеттіліктері негізінде қайтадан қарап заңнамалық тұрғыда бекітіп, жүйелі база қалыптастыруымыз қажет.

Ауыл шаруашылығындағы реформаларды жүзеге асыру негізінен АӨК салаларын мемлекеттік басқарудың бүкіл жүйесін нарықтық жағдайларға бейімдеуге бағытталғанын атап өткен жөн. Осылайша, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің, сондай-ақ ауыл шаруашылығын басқарудың өңірлік және (аудандық) органдарының құрылымы мен функцияларында ұйымдастырушылық қайта құрулар дәйекті түрде жүзеге асырылды. Мұның бәрі елдің аграрлық экономикасының жағдайына белгілі бір оң әсер етуді бәсеңдеткен жоқ. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы жүйесінде, әсіресе мал шаруашылығында экономикалық өсу көрсеткіштерінде айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілген жоқ. Бұл мемлекеттің реттеуші сипаттағы бірқатар объективті қажетті әкімшілік-экономикалық функциялардың орындалуынан әлі де жойылмағандығына байланысты, ал ауыл шаруашылығын мемлекеттік басқарудың вертикалі деформацияланған және аз тиімді болып қала береді.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу мен басқарудағы әлем елдерінің оң тәжірибесін еліміздің бұл саладағы басқаруда өзіміздің күнделікті тәжірибеміздің шындығына бейімдеп, қолдануымыз қажет. Ол туралы: ««Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» [2]. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №960 қаулысында» [2] былай делінген: «Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу жалпы әлемдік практика болып табылады және барлық елдерде қолданылады. Бұл ретте көптеген елдердің басым бағыты әртүрлі экономикалық тетіктерді (өндіріс шығындарын өтеу, бағаларды қолдау, өндірістік құрылым үшін

субсидиялар, әртүрлі бағдарламаларды іске асыру) пайдалана отырып, өндірушілерді жан-жақты қолдау болып табылады. Алайда, агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған оның нысандары мен әдістері АӨК-тің даму ерекшелігіне, сондай-ақ, әр елдің табиғи-климаттық жағдайларына байланысты бір-бірінен ерекшеленеді. АҚШ-та ауыл шаруашылығы өндірісінің рентабельділігі субсидияланады. Ал, Еуропа елдерінде субсидиялар ауыл шаруашылығы алқаптарының әр гектарына беріледі. Субтропиктер аймағында орналасқан «Керн тобы» деп аталатын елдер бар, мұнда мемлекет ауыл шаруашылығына мүлдем субсидия бермейді. Сонымен қатар, көптеген дамыған елдерде ауыл шаруашылығын жанама қолдау мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Бұл – ең алдымен, білім тарату жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар арқылы фермерлерді оқыту. Көптеген елдерде өндірілетін өнімнің сапасын арттыру, ветеринариялық қадағалауды қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін енгізу, қоршаған ортаны қорғау, проблемалы аудандардағы өндірісті ынталандыру, шағын шаруашылықтарға табыстың ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар қаржыландырылады»» [2]. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік басқаруды жетілдіруде осында көрсетілген әлем елдерінің озық үлгілерін ескере отыра, реформалауды тереңдете түсетін болсақ, ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік жасаған болар едік.

Жоғарыда айтылғандар жалғасып жатқан реформалар жағдайында ауыл шаруашылығын басқару жүйесін дамыту мәселесін шешу және оны жетілдіру диссертацияның тақырыбын және онда қарастырылған мәселелерді алдын-ала анықтаған елдің бүкіл экономикалық жүйесі үшін маңызды және өзекті деп санауға негіз береді.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі. Қазіргі кезеңде елімізде ауыл шаруашылық саласын мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздерін айқындау, әлі толық қолға алынып, жүйелі түрде зерттеле қойған жоқ. Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың кейбір теориялық мәселелері отандық аграрлық құқық ғылымы өкілдерінің тарапынан алға қойылып белгілі дәрежеде оны шешуге талпыныстар жасалған болатын.

Жалпы мемлекеттік басқарудың теориялық негіздерін қарастырған ғылыми еңбектердің қатарында қазақстандық белгілі ғалым Д.Л. Байделдиновтің еңбегі ерекше [3]. Автор, экология саласындағы мемлекеттік басқарудың механизмін қарастыра отыра, жалпы мемлекеттік басқарудың теориялық мәселелерін де тілге тиек етеді. Сонымен қатар, мемлекеттік басқару органдарын жіктеп көрсетеді.

Л.Қ. Еркінбаеваның «Қазақстан Республикасындағы аграрлық құқықтық қатынастар» атты докторлық диссертациясында аграрлық құқықтық қатынастардың түсінігі мен мазмұнын, осы құқықтық қатынастардағы субъектілердің құқықтық жағдайының ерекшеліктері, аграрлық құқықтың негізгі институттары, қағидалары мен қайнар көздері зерттелген, яғни аталған ғылыми

жұмыста ауылшаруашылық кооперативі аграрлық құқықтық қатынастардың субъектісі ретінде құқықтық жағдайының жалпы сипаттамасы берілген [4].

К.Д. Шакишевтің Қазақстан Республикасындағы жер қорларын мемлекеттік басқару жүйесін дамытуға қатысты зерттеу жұмысы бұл бағыттағы мемлекеттік басқарудың тетіктерін ашып көрсетумен қатар, оны жетілдірудің жолдарын ұсынған жұмыс болып табылады [5].

Г.Т. Айгариновaның «Қазақстан Республикасының тұрақты даму жғадайында жер нарығын құқықтық реттеудің теориялық мәселелері» атты көлемді монографиялық жұмысында жер нарығы қатынастарын реттеудің мемлекеттік құқықтық тетіктері жүйелі тұрғыда қарастырылған болатын [6].

М.К. Жусупбекованың «Нарық жағдайындағы Қазақстан Республикасындағы аграрлық секторды мемлекеттік реттеудің құқықтық негіздері» атты диссертациялық жұмысы да ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың кейбір қырларын қарастырған зерттеу болып табылады [7].

А.А. Есекееваның «Қазақстан Республикасындағы ауылдық аймақтар жерлерінің құқықтық жағдайы» атты зерттеу жұмысында: «ауылдық аймақтар жерлерін дамытудың мемлекеттік реттеу негіздерін қарастырады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аймақтарды дамытуды мемлекеттік реттеуге қатысты заңнаманы да саралайды»» [8].

Мемлекеттік басқарудың әр түрлі бағыттары сонымен қатар, А.Е. Есеналиевтің зерттеулерінде қарастырылған [9]. Нақты айтатын болсақ, қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздерін өзінің зерттеуіне арқау еткен болатын. Сонымен қатар, Қ.М. Қожабектің «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау саласын мемлекеттік басқаруды құқықтық реттеу» [10] еңбегін ерекше ескеруге болады.

Б. Қалымбектің «Қазақстан Республикасындағы ветеринарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету» [11] зерттеуінде мемлекеттік басқарудың өзінің тақырыбына қатысты мәселелерін қозғаған құнды еңбектердің бірі.

Г.Қ. Шуланбекованың «Қазақстан Республикасында мал шаруашылығын құқықтық реттеу» атты жұмысында мал шаруашылығының жекелеген түрлерін құқықтық қамтамасыз ету мәселелері қарастырылған [12].

Б.А. Жұмаділовтің «Аграрлық саладағы жеке кәсіпкерлікті құқықтық реттеу мәселелері» атты жұмысы шаруа қожалығының құқықтық табиғатын, шаруа қожалығының мүліктік жағдайын, шаруа қожалығының қызметін құқықтық қамтамасыз етудің ерекшеліктерін айқындайды [13].

Ж.Б. Ақшатаева «Қазақстан Республикасында ауылшаруашылық өндірісін сақтандыруды құқықтық реттеу» жұмысында оның мемлекеттік-құқықтық реттеудің тетіктері айқындалып, талданған [14].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздері, аграрлық, табиғи ресурстық және жер құқығы салаларында құнды еңбектер жазған С.Б. Байсалов,

А.Т. Ащеулов, В.А. Уваров, А.Е. Бектұрғанов, Б.Ж. Әбдірайымов, Н.Б. Мухитдинов, А.Е. Еренов, Ж.Т. Холмуминов, Ә.С. Стамқұлов, Ж.Х. Қосанов, А.Х. Хаджиев т.б қазақстандық және шетелдік ғалым-заңгерлерді ерекше атауға болады.

Аграрлық құқықтың жалпы теориялық мәселелері, аграрлық құқықтық қатынастарының субъектілері Б.Ж. Жетпісбаевтың, Е.Ш. Рахметовтың ғылыми әдебиеттерінде көрініс тапқан.

Жоғарыда көрсетілген ғылыми еңбектерден ұсынылып отырған диссертациялық зерттеудің ерекшелігі Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздерінің қалыптасу алғышарттарынан бастап даму жолдарына дейін, Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың теориялық аспектілері, сондай-ақ құқықтық жүйедегі ауыл шаруашылығын мемлекеттік басқаруды реттейтін қалыптардың (нормалардың) орны және осы саланы басқаруды жетілдіру жолдары мен шетелдік тәжірибенің ерекшеліктері қарастырылған.

Алайда, ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздерін кешенді түрде талдайтын арнайы зерттеулердің қатары аз деуге болады. Сондықтан да, біздің зерттеу жұмысымыз осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталған ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздерін кешенді тұрғыда алып қарастырған жұмыстың қатарына жатады.

Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізі. Диссертациялық жұмысты жазу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың мемлекеттік басқару теориясына қатысты негізгі ғылыми ұстанымдары басшылыққа алынды. Сонымен қатар, аграрлық құқық, экологиялық құқық және табиғи құқықтық ресурстық құқық саласындағы мемлекеттік басқаруға қатысты айтылған ғалымдардың тұжырымдары да, ой елегінен өткізіліп, көрсетілді. Мемлекеттік басқарудың тарихи даму кезеңдерін айқындау барысында Қазақстан Республикасы мен шетелдердің мемлекет және құқық тарихының да, негізгі қол жеткізген ғылыми қорытындыларына арқа сүйелді. Зерттеліп отырған мәселені ашу барысында жалпы заң әдебиеттермен қатар, тақырыпқа қатысты арнайы ғылыми әдебиеттердің негізгі түйіндеріне де мән берілді.

Зерттеу барысында жалпы ғылыми және жеке әдістер, соның ішінде талдау, синтез, аналогия, дедукция, жіктеу, тарихи, салыстырмалы, жүйелі, лингвистикалық, құрылымдық-функционалдық, формальды-логикалық әдістер қолданылды. Қолданылатын әдістемелік базаның жиынтығы, сайып келгенде, тұжырымдар мен тәжірибелік шешімдердің сенімділігі мен негізділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Диссертациялық зерттеу міндеттерінің ерекшелігі оларды зерттеудің кешенді тәсілімен анықталады. Диссертациялық жұмысты орындау барысында зерттеу объектісін жалпы тану үшін жүйелі талдау әдіснамасы қолданылды, бұл шетелдік заң шығарушылардың прогрессивті жетістіктерін Қазақстандағы қазіргі даму шындықтарымен сабақтастыруға мүмкіндік берді.

Диссертациялық зерттеудің объектісі - ауыл шаруашылығын

мемлекеттік басқару саласында туындайтын қоғамдық қатынастар құрайды.

Диссертациялық зерттеудің пәні - Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың теориялық негіздері, мемлекеттік басқару органдарының жүйесі, олардың қызметі, ауыл шаурашылығын цифрлық трансфомациялауды құқықтық реттеу аясындағы нормалар құрайды.

Дисеертациялық зертетудің мақсаты-Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздері, ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқару органдарының жүйесі және олардың қызметінен туындайтын қоғамдық қатынастардың негізгі тұжырымдамалық және құқықтық тәсілдерін айқындау және оны жетілдірудің негізгі бағыттарын саралау.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі **міндеттерді** орындау қажеттілігі туындады:

- Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың ұғымы мен оның ерекшеліктерін жан-жақты сипаттау;
- Құқықтық жүйедегі ауыл шаруашылығын мемлекеттік басқаруды реттеуші нормалардың рөлі мен орнын анықтау;
- Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы саласын басқару органдарының құрылымы мен олардың қызметін кешенді түрде талдау;
- Ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқаруды жетілдіруге бағытталған құқықтық негіздерді нақтылау және жүйелеу.
- Қазіргі кезеңдегі ауыл шаруашылығын цифрлық трансформациялаудың құқықтық реттелу ерекшеліктерін көрсету.

Диссертациялық зерттеудің нормативтік және эмпирикалық базасы. ҚР ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқаруды жетілдірудің негізгі мәселелері және шетелдік тәжірибелерінің деректері, ресми статистика, отандық және шетелдік ғалымдар мен мамандандырылған зерттеу ұйымдарының талдамалық есептері, мамандандырылған көздердің материалдары, сондай-ақ интернет-көздер мен авторлық зерттеулер диссертациялық жұмыстың негізін құрады.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы жұмыста Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздерінің өзіндік ерекшеліктері жан-жақты алғаш рет талданып отыр. Сонымен қатар, жұмыстың жаңалығы әртүрлі басқару нысандары бар елдердің кең ауқымындағы ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздерінің жүйелі, кешенді талдау жасауымен түсіндіріледі.

Диссертациялық зерттеудің қорғауға ұсынылатын келесі тұжырымдармен анықталады:

- Ауыл шаруашылық саласындағы мемлекеттік басқару-ауыл шаруашылық субъектілерінің арасында құқықтық қатынас ретінде жүзеге асыралатын, ұйымдастырушылық-құқықтық нысандар мен әдістер арқылы

жүргізілетін мемлекеттік билік органдарының қызметі. Ауыл шаруашылық саласындағы қоғамдық қатынастар әрқашанда тиісті мемлекеттік орган мен ауыл шаруашылық субъектісінің арасындағы өзара байланыс түрінде жүзеге асады.

- Ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқару ішкі бірліккке негізделген құқықтық қатынастардан тұрады. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік басқаруды реттейтін нормалар өзара байланысты мемлекеттік басқару саласындағы әр түрлі бағыттардың нормаларын топтастыратын аграрлық құқықтың кешенді құқықтық институтын білдіреді;
- Ауыл шаруашылығын мемлекеттік басқару органдары: жалпы мемлекеттік басқару органдары; арнайы мемлекеттік басқару органдары; функционалдық мемлекеттік басқару органдары болып жіктеледі. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәртебесін құқықтық тұрғыдан нақтылап, оны заңнамалық деңгейде бекіту қажеттілігі туындап отыр. Бұл министрліктің мәртебесін арттыру мақсатында министрдің лауазымын премьер-министрдің орынбасары дережесіне теңестіру орынды болар еді. Мұндай шара аталған мемлекеттік органның қоғамдағы беделін күшейтіп, оның ауыл шаруашылығы саласын басқару және реттеу процессесіндегі маңыздылығы мен ықпалын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл өзгеріс министрліктің мемлекеттік саясатты тиімді жүзеге асырудағы рөлін жүйелі түрде нығайтуға ықпал етер еді;
- Ауыл шаруашылық саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздерін жетілдіру үшін бұл салада бірізділенген нормативтік базаны қалыптастыру қажет. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында құқықтық коллизиялардың алдын-алу үшін арнайы Аграрлық Кодексті қабылдау қажет;
- АӨК цифрландырудың жол картасы АӨК саласындағы барлық ақпарат иелерінің өзара іс-қимыл мәселелерін, олардың қызметін кооперациялау нысандары мен әдістерін қамтуы тиіс. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы Қоры атынан үйлестіруші ұйым құру ұсынылады. Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасы үшін цифрлық Ауыл шаруашылығын дамыту үшін қолайлы нормативтік-құқықтық ортаны сақтау, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің ақпараттық және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметтер көрсету үшін цифрлық базаны нығайту, цифрлық ауыл шаруашылығы үшін кадрлар даярлауды қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығымен байланысты салаларда цифрлық технологияларды енгізу, Цифрлық бизнес Агро кәсіпорны тұжырымдамасын әзірлеу және оны іске асыру механизмі, өңірлік интеграциялық бірлестіктер шеңберінде халықаралық ынтымақтастық коэффициентін арттыру қажет.

Диссертациялық зерттеудің теориялық маңыздылығы.

Диссертациялық жұмыстың негізгі қол жеткізген ғылыми тұжырымдары аграрлық құқықтың, оның ішінде ауыл шаруашылық саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздерін теориялық тұрғыдан одан әрі байыта түсуге мүмкіндік береді. Зерттеуде алынған нәтижелер Қазақстан Республикасындағы

аграрлық құқық ғылымының одан әрі кеңінен дамуына жол ашады. Ғылыми тұжырымдар жалпы мемлекеттік басқару теориясына қосылған қомақты үлес болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы. Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелерін заң шығарушылық қызметте; ауыл шаруашылығы министрлігі, орталық және жергілікті атқарушы органдардың басқарушылық қызметінде, жоғары оқу орындары мен арнаулы заң оқу орындарында «Аграрлық құқық», «Экологиялық құқық», «Кеден құқығы» және т.б. пәндерін оқытуда қолданылуы мүмкін.

Апробациядан өтуі. Диссертацияның негізгі қорытындылары, оның ішінде 2 Scopus базасындағы халықаралық рецензияланатын журналда, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған 3 ғылыми басылымдарда және халықаралық конференция жинақтарында жарияланды.

Диссертациялық жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасында әзірленді. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындылары аталған кафедраның кеңейтілген ғылыми семинарында талқылаудан өтті.

Диссертациялық жұммыстың құрылымы мен көлемі. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан және бір-бірімен орайластырылған он тараушадан, қорытынды мен қолданылған дереккөздеркөзден құралады.

1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1 Ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың кейбір теориялық мәселелері

Ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқару мәселесіндегі маңызды теориялық мәселе қазіргі отандық аграрлық құқық ғылымында өзекті болып тұрған мәселе ол-ауыл шаруашылық саласын мемлекеттік басқару қажет пе, әлде ауыл шаруашылық саласын мемлекеттік реттеу қажет пе?, - деген мәселе болып табылады. Еліміз, тәуелсіздік алғаннан кейін нарықтық экономикаға жаппай көшуі басталды. Осы кезеңде көптеген ғалымдар ауыл шаруашылық саласын мемлекеттік реттеу қажет деген тұжырымға ойыса бастады. Ауыл шаруашылық саласын мемлекеттік басқару - ол Кеңестік кезеңнің сарқыншығы, Кеңестік кезеңде үстемдік құрған әкімшілік-әміршілік жүйенің көрінісі болып табылады деген де, ойлар айтылған болатын. Елімізде нарықтық экономикамен қатар, либералдық құндылықтар да, қоғам өміріне ене бастағаны баршамызға белгілі. Сондықтан да, ауыл шаруашылық саласын либералдық тұрғыда тәртіпке келтіру үшін мемлекеттік реттеу жолын ұсынды. Қазіргі кезеңде жоғарыда айтып өткеніміздей, отандық агарарлық құқық ғылымында және жақын шетелдік осы ғылым бағытында ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу қажет деген ой-тұжырым нақты орын алу үстінде.

Көріп отырғанымыздай, бұл мәселе теориялық тұрғыдан алғанда, өте маңызды болып табылады. Біздің ойымызша, бұл тек теориялық мәселе емес, тәжірибелік тұрғыда да, өте маңызды мәселе болып тұр. Себебі, осы мәселенің ғылыми негіздемесін айқындау арқылы біз ауыл шаруашылығын тиімді тұрғыда реттей отыра, қарқынды дамыта аламыз. Егер, Қазақстанның ауыл шаруашылығы экономикаға негізделген ел екендігін ескеретін болсақ, бұл біздің мемлекетіміздің гүлденіп дамуының негізгі алғышарттарының бірі болып саналады. Сондықтан да, біз ауыл шаруашылығын мемлекеттік басқару мен ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу деген ұғымдардың ара-жігін ашып алуымыз қажет.

Мемлекеттік басқару теориясында мемлекеттік басқарудың табиғаты мен ерекшеліктері, оның қағидалары мен әдістері ерекше орын алады. «Жалпы мемлекеттік басқару – қоғам жүйесі оның әр алуан аяларына мақсатталған бағытта ықпал ету (басқару) түрінде мемлекеттің және мемлекеттік органдар мен мекемелердің тарапынан жүзеге асырылатын атқарушы билік қызметі болып табылады. Мемлекеттік басқару жүйесі мына келесідегідей элементтер мен іс-қимылдарына: басқару субъектісінің ұйымдастырылуын және қызмет атқаруын, басқарушылар мен басқарылушы объектілердің өзара байланыстарының құрылымын; мемлекеттік басқарушы ықпалдарға тікелей бағынатын қоғам жүйесінің элементтерін қамтиды» [9, 12 б.]. «Мемлекеттік басқару саласындағы құқықтық әдебиеттерді талдау, мемлекеттік басқарудың

біз қарастыратын мағынасында төмендегідей бірқатар ерекшеліктерімен сипатталады:

Біріншіден, мемлекеттік басқару-функционалды және құзіреттілік ерекшеліктерге ие, атқарушы-билік етуші мемлекеттік билік органдарымен (басқару органдарымен) біртұтас мемлекеттік билікті жүзеге асыру жөніндегі қызмет;

Екіншіден, мемлекеттік басқарудың мәні осы қызмет түрін ұйымдастырумен сипатталады;

Үшіншіден, мемлекеттік басқару дегеніміз, әкімшілік, атқарушылық-билік етуші сипаттағы заңға бағынышты қызмет (басқару органдары, заңдардың, президент жарлықтарын, үкіметтің қаулыларын және өзге де жалпы құқықтық талатарды құқықтық құзіреті шегінде іске асырады);

Төртіншіден, мемлекеттік басқару-үздіксіздік және ырғақтылық сипаттағы, шаруашылық, әлеуметтік-мәдени, ұйымдастырушылық, әкімшілік-саяси құрылысты күнделікті және тікелей басқару процесіндегі атқарушылық қызметі» [10, 21-22 бб.]. Жалпы біз білеміз, «Мемлекеттік басқару үш түрлі нысанда жүзеге асырылады:

1. Заң шығарушылық-мемлекеттік органдардың табиғи ресурстарды қорғау мен ұтымды пайдалану саласындағы басқаруды реттейтін нормативтік актілерді жасау және қабылдауы.

2. Құқық қолданушылық-мемлекеттік органдардың табиғи ресурстарды экологиялық басқаруды реттейтін нормативтік актілерді жүзеге асыруға байланысты бағытталған әрекеті.

3. Құқық қорғаушылық-қоршаған ортаның заңдық талаптарын орындамауға байланысты мемлекеттік органдардың құқық бұзушыларға нормативтік актілерде көрсетілген шараларды қолдануы» [9, 14 б.]. Бұл мемлекеттік басқарудың билік бөлу қағидасына негізделгендегі көрінісі болып табылады.

Ал, экономикалық тұрғыдан алғанда, мемлекеттік басқарудың үш бағыты бар: «Біріншісі-экономикалық циклдің фазаларымен немесе экономикалық реформаларды жүзеге асырумен және олардың әлеуметтік салдарымен айқындалатын процестерге бағытталған. Бұл салада, мемлекет дағдарысқа қарсы реттеу шараларын қолданады, төлем қабілетсіздігі мен банкроттықтың алдын-алу және жою, өндірістің құлдырауын еңсеру, жұмыссыздықты азайту және халықтың табысын арттыру.

Екінші бағыт-кәсіпкерлікті және тауар өндірушілердің технологиялық базасын дамытуда баға белгілеу, салық салу, несиелеу және инвестициялау сияқты тиімді экономикалық реттеуіштерді оңтайлы пайдалану қажеттілігімен айқындалатын жалпы экономикалық процестерді мемлекеттік басқару.

Үшінші бағытта-мемлекеттік басқару қолда бар табиғи, материалдық, еңбек және қаржылық ресурстарды пайдалануды жақсартуға байланысты процестерді қамтиды» [15, с. 85].

Аграрлық саланың мамандарының бұл мәселеге байланысты көзқарасына келетін болсақ, Н.Б. Мұхитдинов былай дейді: «Мемлекеттік басқару әрқашанда

тиісті мемлекеттік органдар мен кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер, сондай-ақ азаматтар арасында қарастырылып отырған жер қойнауы жағдайында қандай да бір игілікке байланысты қалыптасатын қоғамдық қатынастар ретінде көрінеді» [16, с. 147]. Ал, Д.Л. Байдельдинов болса, «қолданыстағы анықтамаларға сәйкес экологияны мемлекеттік басқару - деп қоғам мен табиғаттың экологиялық негізделген өзара іс-қимылын ұйымдастыру негізінде қоршаған ортаның қолайлы сапасын қамтамасыз ету жөніндегі мемлекет функциясын тәжірибелік тұрғыдан іске асыруға бағытталған және осыған уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметін түсіну керек», - деген анықтама береді [17, с, 309]. Б.А. Жетпісбаевтың пікіріне тоқталатын болсақ, «Сонымен, ауыл шаруашылығы және агроөнеркәсіптік кешен» Қазақстан Республикасы экономикасының органикалық бөлігі ретінде басқару саласында орналасқан, ол өзінің мазмұны бойынша тиісті ұйымдық қызметті келістіру, біріктіру, бағыттау және үйлестіру болып табылатын, ауыл шаруашылығы қызметі субъектілерінің қажетті мінез-құлқы мен ұйымдастырылуын қамтамасыз ететін мемлекеттік - құқықтық механизм арқылы жүзеге асыратын жан-жақты басқару болып табылады» [18, с. 104]. С.Т. Күльтелеев болса: «Ауыл шаруашылығына мемлекеттік басшылық жасау» және «ауыл шаруашылығын басқару» ұғымдары құқықтық мемлекет құру мен нарықтық экономикаға көшу жағдайында түбегейлі қайта қарауды талап ететіндігін, тілге тиек етеді» [19, с. 20]. А.А. Квашин болса, мемлекеттік басқаруды экологиялық құқықтың кешенді институты ретінде қарастыра отыра, оған мынандай ерекшеліктер тән дейді:

«- бұл өзара байланысты ұйымдық құрылымдар мен нақты құқықтық нысандар жүйесінің (техникалық-құқықтық, әкімшілік, экономикалық-құқықтық және т. б.) көмегімен жүзеге асырылатын әлеуметтік басқарудың бір түрі;

- бұл экологиялық табиғат ресурстары заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған атқарушылық-өкімдік қызмет нысанында әрекет ететін, қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану процестеріне делдал болатын тиісті қоғамдық байланыстарға заңды әсер ету;

- бұл экологиялық және табиғи ресурстық құқық пен олардың тиімділігіне қойылған мақсаттарға қол жеткізудің ұйымдастырушылық-құқықтық кепілі» [20, с. 40]. К.Д. Шакишев жер қоры мемлекеттік басқару мәселесін қарастыра келе, «Дәл осы институт - жер қорын мемлекеттік басқару институты кез-келген басқа институттардан гөрі қоғам өмірінің барлық салаларын толық жекешелендірудің барлық «теріс «бұрыс» жақтарын» бастан өткерді. Сонымен бірге, бұл жер қорын мемлекеттік басқару елдің жер қорын ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған және кеңестік жер құқығының ең дамыған және сындарлы элементі бола отырып, кейіннен жер қатынастарын дамытудағы сабақтастықтың негізін қалады» [5, с. 111]. «Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мемлекеттік басқару механизмін басқару процесі, әлеуметтік жүйеге мақсатты әсер ету өзегі болып табылатын мемлекеттік аппарат жүйесінің жұмыс істеуі ретінде анықтауға болады» [21, с. 50].

Мемлекеттік басқару теориясындағы тағы бір маңызды мәселенің бірі,

мемлекеттік басқарудың қағидаларын айқындау: «... мемлекеттік басқарудың қағидаларын анықтау мен негіздеу төмендегідей талаптарға жауап беруі тиіс:

1) Кез-келген емес, мемлекеттік басқару қатынастарының ең негізгі және басты, объективті қажетті заңдылықтарын көрсетуі;

2) Мемлекеттік басқарудағы тұрақты қатынастар мен заңдылықтарды, байланыстарды сипаттауы;

3) Негізінен жеке сипаттағы емес, тұтастай әлеуметтік құбылыс ретіндегі мемлекеттік басқаруға тән заңдылықтар мен қатынастарды қамтуы.

Мемлекеттік басқарудың өзге басқару түрлерінен ерекшелігін көрсетіп тұруы» [10, 26 б.]. «Мемлекеттік басқару теориясында мемлекеттік басқарудың тиімділігін бағалаудың негізгі принциптерін тұжырымдаудың үш негізгі тәсілі бар.

- Мемлекеттік жүйенің нормативтік-құқықтық базасы мен атқарушы жүйесінің тиімділігін бағалау қағидаттары негізге алынған құқықтық тәсіл;

- мемлекеттің саяси жүйесінің тиімділігін бағалау қағидаттары негіз болып табылатын саяси тәсіл;

- басқарушылық тәсіл, оған сәйкес мемлекеттік басқару құрылымдарын ұйымдастыру тиімділігінің қағидаттары бағаланады» [22, с. 129]. «Мемлекеттік басқарудың әлеуметтік-саяси қағидалары мыналар болып табылады: Қазақстан Республикасы қызметінің конституциялық қағидалары (Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 2-тармағы): мемлекеттік биліктің жекелеген тармақтарға бөлінуі; заңдылық; азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін мемлекеттік басқаруға қатысудың мемлекеттік басқарудағы ұйымдық принциптерін және ашықтығын; өз кезегінде, екі кіші топқа бөлінеді: ұйымдық-құрылымдық (территориялық-салалық, демократиялық централизм) және ұйымдық-техникалық (салалық (линейный), функционалдық, салалық-функционалдық)» [23, с. 79-80].

Мемлекеттік басқару теориясындағы тағы бір маңызды мәселе жоғарыда біз айтып өткен, басқару қызметінің әдістері болып табылады.

«Басқарушылық қызмет әдістерінің әртүрлі жіктемелері бар. Оларды мынадай екі топқа бөлу жеткілікті болып табылады:

а) мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс істеу әдістері;

б) мемлекеттік басқарудың мақсаттары мен функцияларын іске асыруды қамтамасыз ету әдістері» [24, с. 174-175].

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік басқару бағыттары:

«- агроөнеркәсіптік өндірісті тұрақтандыру және дамыту;

- Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуді жақсарту;

- ауыл шаруашылығы мен экономиканың басқа салалары арасындағы экономикалық тепе-теңдікті сақтау;

- ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп қызметкерлерінің табыс деңгейлерін жақындастыру;

- агроөнеркәсіптік өндіріс саласында отандық тауар өндірушілерді қорғау;

- ауыл шаруашылығы экономикасына отандық және шетелдік инвесторларды тарту және т.б.»» [18, с. 102].

Айтып өткеніміздей, мемлекеттік басқару мен мемлекеттік реттеудің арақатынастарын ажыратуда олардың арақатынастарын көрсету де, теориялық тұрғыдан алғанда өте маңызды мәселе болып табылады. Бұл туралы С.Т. Күльтелеев былай дейді: «Басқару теориясында «мемлекеттік басқару» мен «мемлекеттік реттеу» арақатынасына төрт тәсіл бар. Бірінші жағдайда басқару мен реттеу анықталады, мұнда реттеу мен басқару белгілерінің толық сәйкес келуі байқалады. Бұл жағдайда ғалымдар мемлекеттік басқару мен мемлекеттік реттеу арасында айтарлықтай түбегейлі айырмашылықтар жоқ деп санайды. Шын мәнінде, біз мемлекеттің экономикалық және басқа процестерге қатысуының әр түрлі (көп немесе аз) үлесі туралы айтуға болады. Екінші жағдайда «басқару» ұғымы кеңірек және «реттеуді» қамтиды. Үшінші тәсілге сәйкес, керісінше, «мемлекеттік реттеу» ұғымы «мемлекеттік басқаруды» қамтиды. Төртіншіден, бұл ұғымдар бір қатарда тұрады және оларға тән барлық ережелермен, реттелетін қатынастарға әсер етудің директивалық әдістерімен «мемлекеттік басқаруды» қамтитын кеңірек тұжырымдамамен қамтылған. Авторлар бұл тәсілді «Мемлекеттік ықпал ету» әдісі ретінде анықтады»» [25, с. 156-157].

Аграрлық құқық ғылымында мемлекеттік реттеу мәселесіне қатысты түрлі бағыттағы көзқарастардың бірі, зерттеуші-ғалым Л.К. Еркінбаеваның айтқан пікірін ерекше атап өтуге болады, ол өз еңбегінде аталған мәселе бойынша келесідей тұжырымдар жасайды: «Аграрлық қатынастарды мемлекеттік реттеу-бұл мемлекеттің бәсекеге қабілетті отандық ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы қызметін ұйымдастыруға нарықтық құралдарды енгізу, қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда және шектерде аграрлық саладағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту үшін құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және өзге де жағдайлар жасау жөніндегі мақсатты қызметі» [4, с. 138]. Ж.С. Елюбаев мемлекеттік реттеу мен бақылауды қарастыра келе, өзінің ойын төмендегідей тұжырымдап көрсетеді: «Билік және экономика институттарын дамытудың қазіргі жағдайындағы мемлекеттік реттеу және бақылау институты өз құрылымын одан әрі жетілдіруді, бақылау-қадағалау қызметін ұйымдастыруды, бақылау әдістемелерін, тетіктері мен технологияларын, жаңа ақпараттық-талдамалық технологияларды қолдануды, қадағалаудағы және бақылау объектілерінің жай-күйіне мониторингті қажет етеді. Сонымен бірге, бұл жұмыстардың барлығы мемлекеттік мәжбүрлеуді қоспағанда, елдің тұрақты заңнамасына негізделуі керек» [26, с. 108].

«Агроөнеркәсіптік өндірістің дамуын мемлекеттік реттеу экономикалық және құқықтық әдебиеттерде мемлекеттің ауыл шаруашылығы өнімін, шикізатын және азық-түлігін өндіруге, қайта өңдеуге және өткізуге, сондай-ақ Агроөнеркәсіптік өндірісті өндірістік-техникалық қызмет көрсетуге және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, АӨК кәсіпорындарының шаруашылық қызметін ұйымдастыруға экономикалық әсері» [27, с. 110] ретінде қарастырылады. «Нарықтық экономика жағдайында өндіріске экономикалық

ықпал ету шаралары ғана емес, сонымен қатар әкімшілік реттеу шаралары қажет болған кезде» ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, қайта өңдеу және өткізу, оларды өндірістік-техникалық және әлеуметтік қамтамасыз ету жөніндегі қоғамдық қатынастарға құқық нормалары негізінде ықпал етеді» [28, с. 47].

«Қазақстан Республикасының агроөнеркесіптік кешенін трансформациялау аграрлық экономиканы дамытудың ұйымдастырушылық-шаруашылық тетігін реттейтін нормативтік-құқықтық базасының даму деңгейін көрсететіні анық. Тәжірибе көрсеткендей, аграрлық экономикада құқықтық, экономикалық және әлеуметтік қатынастарды қалыптастыру жөніндегі нормалардың, ережелердің рөлі мен маңыздылығын, агроөнеркәсіптік кешеннің институционалдық құрамын көрсететін тетік құру қажеттігін көрсетеді.

Агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік басқару Қазақстанның аграрлық секторының басым міндеттерімен өзара тығыз байланысты. Қазіргі елдерді шарпыған жаһандық дағдарыс мемлекеттерді мемлекеттік басқару тетіктері, оның әдістері мен принциптері туралы соңғы жылдары бекітілген доктриналық идеяларын қайта қарауға мәжбүр етеді» [28, с. 47].

«Мемлекеттік саясаттың өзекті аспектілері нарықтағы отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға байланысты инновациялық қызметті дамытуды ынталандыратын ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық басқару әдістерінің кешенін жетілдіру болып табылады. Құқықтық әдебиеттерде мемлекеттік реттеу деп заңды тұлғалардың қызметін нормативтік жүйелеу, ұйымдастыру және құқықтық мемлекет құру механизмі танылады» [29, 19 б.].

«Мемлекеттік қолдау-бұл әкімшілік-құқықтық әдістерді қамтитын мемлекеттік реттеу әдісі; мемлекеттік биліктің субъектілері арасындағы өкілеттіктерді шектеу және т.б. шектеу шаралары. Мемлекеттік реттеу: нақты өкілеттіктер үшін заңнамалық база құру; жекелеген салаларды экономикалық реттеу; отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған саясатты жүргізу; экономикалық қатынастардың барлық субъектілерінің заңнамалық талаптарды орындауы үшін қадағалау функцияларын орындау; үйлестіру қызметі; бақылау функцияларын орындау сынды шараларының тұтас кешенін қамтиды.

Мемлекеттік органдардың құзыретін дәлірек шоғырландыру, мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру және соның нәтижесінде жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында заңнамадағы заң терминдерінің мәні мен мазмұнын, мемлекеттік органдардың және олардың басқарудың барлық деңгейлеріндегі жауапкершілігін нақты түсінудің мақсатқа сай екендігін есте ұстаған жөн» [30, с. 23]. «Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу «экономикалық реттеу әдістерін (бағалар, салықтар, несиелер, баждар) пайдалана отырып, негізінен нарықтық негізде жұмыс істейтін ауыл шаруашылығы кәсіпкерлік жүйесіне әсер ету, сондай-ақ мемлекеттік тапсырыстар, лицензиялар, квоталар және ықпал етудің басқа да әкімшілік әдістері» жөніндегі мемлекеттің қызметі»

[29, 19 б.]. «Мемлекеттік реттеу» терминінің орнына «мемлекеттік басқару» терминін қолданудың дұрыстығы туралы да көзқарас бар»» [31, с. 19].

Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы қоғамдық қатынастардың өзгеру парадигмасын ескере отырып, осы ұғымдардың нақты мағынасы мен қолданылуы мәселесі әлі де терең талдауды қажет ететін, ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан даулы тақырып болып табылады. Бұл мәселенің өзектілігі, оның осы саладағы заңнамалық және құқықтық реттеудің тиімділігін арттырудағы рөлімен тығыз байланысты.

«Қазіргі аграрлық-құқықтық ғылымда ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіптік кешендегі «мемлекеттік реттеу» түсінігін концептуализациялаудың өзіндік ерекшеліктері бар, тұжырымдалған: аграрлық секторға мемлекеттік әсер ету шараларының жүйесі ретінде»» [32, с. 16] «Экономиканың аграрлық секторын тиімді дамыту үшін мемлекет қабылдайтын ұйымдық-құқықтық шаралар жүйесі» ретінде немесе «Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің және агроөнеркәсіптік кешеннің басқа да субъектілерінің шаруашылық қызметіне мемлекеттің мақсатты ықпалы» ретінде «Мемлекеттік реттеу агроөнеркәсіптік өндірістің барлық салаларының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған тиісті мемлекеттік басқару органдарының ұйымдық-экономикалық қызметін білдіреді»» [33, с. 31]. «Нормативтік құқықтық актілерді шығару арқылы осы саладағы коммерциялық ұйымдардың шаруашылық қызметін ұйымдастыруға мемлекеттің мақсатты ықпалы ретінде»» [34, с. 33] және т.б. «Мемлекеттік реттеу» термині мемлекеттік басқарумен қатар дербес ұғым ретінде де, мемлекеттік басқарудың құрылымдық элементі ретінде де, аталған функцияны іске асыру тәсілдерінің бірі ретінде де қолданылады»» [35, с. 370].

«Қазақстандық заңнамада мемлекеттік реттеудің мәні арнайы заңдардың ережелерінде көрсетілген» [36]. «Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі №66-III Заңының 9-бабына сәйкес, агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу азық-түлік қауіпсіздігін, агроөнеркәсіптік кешен өнімі нарықтарының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, кәсіпкерліктің тиімді жүйесін құруға, отандық өнімнің бәсекелестік артықшылығын қолдауға, сондай-ақ, өсімдік шаруашылығын, мал шаруашылығын, балық шаруашылығын, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді және тамақ өнеркәсібін дамыту үшін жағдай жасау арқылы ауыл халқының тұрмыс деңгейін көтеруге, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті, техникалық жарақтандыру мен басқа да ілеспе қызмет салаларын қамтамасыз етуге, ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған»» [37.]. “Мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу саласындағы құзыреті заңнамалық түрде белгіленген.

Зерттеулер қазіргі заманғы мемлекеттік аймақтық саясат ауылдық аумақтардың тұрақты дамуына көңіл бөлінбеуінен зардап шегеді: жергілікті

аумақтардың біркелкілігі сақталып, нығайып, олардың әлеуметтік тұрақсыздығы факторына айналып, елдің азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төндіреді. Осыған байланысты ауыл дық елді мекендерді дамыту әдістемесін және ауылдық аумақтарды жаңғыртуды қолдаудың тиімді құралдарын қоса алғанда, тұрақты дамытудың теориялық тәсілдері мен тәжірибелік ұсыныстарын әзірлеу орынды сияқты» [38, с. 45].

«Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудің маңызды бөлігі - шағын шаруашылықтарды біріктіру және ортақ мүдделерді жүзеге асыру мүмкіндіктерін заңнамалық тұрғыдан бекіту де, ұлттық тауар өндірушілер мен тұтынушыларды ауыл шаруашылығы өндірісінің халықаралық жүйесіне енгізу. Экономикалық әдебиеттерде халықаралық ресурстарға, өнімділікті арттырудың заманауи әдістеріне қол жеткізу мәселесі өзекті болып табылады» [39, с. 124]. «Мемлекеттік реттеу, әдетте, іргелі қағидарларға негізделеді. Аграрлық құқықтық қатынастарды реттеу процесі де ерекшелік емес: агроөнеркәсіптік кешен саласында ауыл шаруашылығы өндірісіне қатысушыларға мемлекеттік көмек алуда тең мүмкіндіктер беру негізгі қағидаттар болып табылады; аграрлық сектордың барлық қатысушыларының нарық жағдайы мен мемлекеттің аграрлық саясаты туралы ақпаратқа тең қолжетімділігін қамтамасыз ету; ресурстар нарығында және азық-түлік тауарлары нарығында жетілген бәсекелестік үшін жағдай жасау; мемлекеттің аграрлық саясатының даму заңдылығы және оны тұрақтандыру; әр түрлі ауыл шаруашылығы бірлестіктерінің мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға еркін қатысуына кепілдік беру; заңға сәйкес дербес кәсіпкерлік қызмет; ауыл шаруашылығы ұйымдарының мүлікке билік ету бостандығы; ауыл шаруашылығы қатынастарына мемлекеттің араласуына белгілі бір шектеулердің болуы; ауыл шаруашылығында азаматтардың құқықтарын сақтау және т.б.» [40, с. 386].

«Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік басқару мәселесі контекстінде басқару құрылымдарының өкілеттігіне тыйым салуды, рұқсат беруді және мәжбүрлеуді қолдану мүмкіндігіне тікелей байланысты ықпал ету әдісі ретіндегі әкімшілік реттеудің рөлін асыра бағалау қиын. Бұл тұрғыда мемлекеттік басқару ауыл шаруашылығы өндірісінің техникалық аспектілерін және өндірілетін өнім айналымын түзетуді, белгілі бір сапа стандарттары мен квоталарды белгілеуді қамтиды; лицензиялау және сертификаттау; ветеринариялық-санитариялық бақылау талаптарын ұсыну; еңбек және монополияға қарсы заңнамаға сәйкес ауыл шаруашылығы нарығындағы қатынастарды реттеу» [40, с. 386].

Мемлекеттің аграрлық саясаты, ең алдымен, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, отандық сапалы тағам өнімдеріне халықтың қолжетімділігін арттыруға және осы өнімдердің өндірісін ұлғайту арқылы тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыруға бағытталған. Бұл ретте, ауыл тұрғындарының түрлі тағам өнімдерімен толық қамтамасыз етілуі және қала тұрғындарына отандық азық-түлікке қолжетімді, тиімді бағамен жеткізу маңызды.

Алдағы уақытта еліміз үшін аграрлық шикізаттық секторы экономиканы біртіндеп арылтып, Қазақстанның азық-түлік өнеркәсібін дамыған деңгейіне

шығару қажет. Бұл бағытта импортталатын азық-түліктердің санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық қауіпсіздігін, сондай-ақ олардың жоғары сапасын қамтамасыз ету, сонымен қатар, мал шаруашылығы саласында жұқпалы аурулардың таралуына жол бермей, ветеринарлық-санитарлық бақылауды күшейту қажеттілігі туындайды. Мұнымен қатар, медициналық ветеринария қызметінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету, бұл саладағы инфрақұрылымды дамыту, әрі осы бағытта кешенді шаралар қабылдау бүгінгі күннің өзекті міндеттеріне айналған.

«Агроөнеркәсіптік кешенде мемлекеттік басқарудың экономикалық және әлеуметтік мақсаттардың бірлігі қағидасы сияқты атап айтқанда: аграрлық секторды басқарудағы индикативтілік пен бағыттылық үйлесімі; бағдарламалық реттеу принципі; барлық меншік нысанындағы кәсіпорындарды тең қолдау принципі; тиімді жұмыс істейтін кәсіпорындарды экономикалық ынталандыру принципі; кеңейтілген ұдайы өндірісті қамтамасыз ету принципі, бағалардағы салааралық диспропорцияны еңсеру, материалдық-техникалық және қаржылық ресурстардың қажеттіліктері мен түсімдерінің жеткіліксіздігін жою және ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық тиімділігі негізінде АӨК-де қолайлы экономикалық орта құру қажеттілігін білдіретін кеңейтілген ұдайы өндірісті қамтамасыз ету қағидатын басшылыққа алу орынды» [41, с. 106].

«Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздерін концептуализациялау Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы өндірісі саласында институционалдық реформаларды жүргізу қажеттілігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Мәселе, ең алдымен, аграрлық сектордағы ұдайы өндіріс процестерін реттеудің мемлекеттік-құқықтық механизмін реформалау; қаржыландыру, несиелеу, сақтандыру жүйелерін, агроөнеркәсіптік кешенде тиісті инфрақұрылымды құру, саланы цифрландыру, ауыл шаруашылығы өндірісі субъектілерінің әлеуметтік жағдайларын жақсартуға бағытталып, агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік басқаруды жаңғырту стратегиялық басқару рөлін күшейтуге, Стратегиялық менеджмент салаларды дамытудың мақсатты бағдарламаларын, болжамдарын әзірлеу мен жүзеге асыруға негізделуі керек»[42, с. 7].

Қорытындылай келе, «зерттеу көрсеткендей, ауыл шаруашылығы саласы ел экономикасының негізгі әрі маңызды құрамдас бөлігі екендігі айқындалды. Бұл саланың өміршеңдігін қамтамасыз ететін және оның тұрақты дамуына тікелей әсер ететін негізгі фактор ретінде, агроөнеркәсіп кешенінің тиімділігі мен тұрақтылығы мемлекеттің оған көрсететін қолдау деңгейіне тәуелді болып табылады. Агроөнеркәсіп кешенін басқару жүйесі әмбебап және көпжақты тұжырымдама ретінде қарастырылып, оның тиімділігі субъектілердің ұйымдық-шаруашылық қызметіне мемлекеттің мақсатты, әрі кешенді ықпал етуіне негізделгені анықталды. Мемлекеттік әсер ету жүйесі, ең алдымен, нормативтік құқықтық актілер арқылы жүзеге асырылады, олар мемлекеттік аграрлық саясаттың стратегиялық бағыттарын іске асыру үшін мемлекеттік органдардың қызметін ұйымдастыруды реттейді. Осы тұрғыда мемлекеттік басқарудың ұйымдастырушылық және реттеушілік құралдары агроөнеркәсіп кешенінің

тиімді қызмет етуіне және ел экономикасының тұрақты даму жолына бағытталған.

Қазіргі кезеңде үлкен маңызға ие, көптеген факторлардың ішінде: аграрлық ғылымның мемлекеттік секторының құрылымы мен басқаруын дамыту, кадр саясаты; барлық деңгейдегі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мүдделерін білдіретін салалық одақтардың шығармашылық қызметінің әлемдік дәстүрінің сабақтастығы; халықтың әртүрлі топтарының және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мүдделерін ескере отырып, басқару шешімдерін қабылдау жүйесінің қолданыстағы әлемдік тәжірибесінің бейнесі мен ұқсастығын өзгерту» [43, 249 б.].

«Қазіргі таңда экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізу, агробизнесті дамыту және нарықтық қатынастарды игеруде экономикалық реформаларды терендету және кеңейту қажеттілігі туындап отыр. Экономика нарығында заңмен тыйым салынбаған қызметтің барлық түріне шектеу қоймайды. Дей тұрғанмен, аграрлық саланы мемлекеттік реттеу жағдайында ғана шешілетін проблемалар аз емес. Мәселен, адам бақылауына көнбейтін (форс-мажорлық) табиғи және әсіресе, ауа райы жағдайларына тәуелді болуымен өндіріс қоры мен қызмет көрсетудің бағалық конъюнктурасымен анықталатын ауыл шаруашылық өндірісінің төмен нәтижелігін және мемлекеттік ұйымдардың агробизнеске шектен тыс араласуын атауға болады» [43, 249-250 бб.].

«Ал, мемлекеттік реттеу нарықтық қатынастарды дамытуға ынталандыратын заң мен нормативтік актілер әзірлеу және қабылдау жолымен құқықтық базаны қалыптастыру және олардың орындалуына бақылау жасау, агроөнеркәсіп өндірісін тұрақтандыру, тауар өндірушілердің табысын қолдау, кәсіпкерлердің әлеуметтік қорғалу жүйесінде әлеуметтік саясатты реттеу, ауылдық жерлерде фермерлік үлгідегі шағын елді мекендерді дамыту, ғылыми зерттеу, селекциялық және асылдандыру ісін қаржыландыру және ұйымдастыру, ғылым мен техника жетістіктерін өндіріске енгізу, сондай-ақ, азық-түлік пен ауыл шаруашылығы шикізатының мемлекеттік ресурсын қалыптастыру, жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын басқару, агробизнеске заңдық қызмет көрсету және оларды құқықтық тұрғыдан қорғауды тікелей қамтамасыз етуге міндетті» [43, 250 б.].

«Нарықтық қатынастарды қалыптастыру мен дамытуда Республика агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттен алу және жекешелендіру, ондағы меншікті тікелей тауар өндірушілерге, яғни шаруаларға беру проблемасы ерекше маңызды болып табылады» [43, 250 б.].

«Агросектордың қайта өңдеу саласының рөлін көтеру және осы саладағы қазіргі проблемалар ел экономикасының аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, ол агоөнеркәсіптік кешен саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіру бойынша жан-жақты талқылауды және жаңа тиімді ұсыныстар әзірлеуді талап етеді» [43, 250 б.].

«Мемлекеттің аграрлық саясаты мемлекет жергілікті халықтың әлеуметтік экономикалық даму деңгейін қамтамасыз ету үшін мал және егін шаруашылықтарын, жалпы агроөнеркәсіп кешенін дамытуға экономиканың

басқа салаларына қарағанда артықшылық беруі қажет. Ауылшаруашылығы дамуының деңгейі көбінесе елдің экономикалық қауіпсіздігін анықтайды. Қазақстанның ауыл шаруашылығына қолайлы жерлері көп болғандықтан, әлем нарығында бәсекелестікке қабілетті агроөнеркәсіп секторын дамытуға барлық мүмкіндіктері бар» [43, 250 б.].

1.2 Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылық саласын мемлекеттік басқаруға қатысты заңнаманың қалыптасуы мен дамуы

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері ауыл шаруашылық саласын басқаруға қатысты, оның ішінде жалпы ауыл шаруашылығына байланысты заңнама үлкен эволюциялық жолдан өткен деп айтсақ болады.

Қазіргі кезеңде елімізде ауыл шаруашылығын реттеуге қатысты заңнаманың үлкен массиві қалыптасқан. Ауыл шаруашылығы саласындағы заңнаманың бастауы да, еліміздің егемендік алуымен байланысты. Былайша айтқанда, «Егемендік алғаннан кейін аграрлық заңнаманың даму тарихы басталды және бірнеше кезеңдерден өтті: «Қазақстандық аграрлық құқық саласының ғалымдары Л.К. Еркінбаева, А.Т. Өзенбаева, Б. Қалымбек ауыл шаруашылық саласындағы заңнаманың қалыптасуын үш үлкен кезеңге бөліп көрсетеді» [44, 30-31 бб.].

Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы ауыл шаруашылық саласындағы заңнаманың дамуына көз жүгіртетін болсақ, үлкен өзгерістерді даму кезеңдерін бастан кешкендігін көреміз. Ауыл шаурашылығын басқаруға қатысты заңнаманың да, иерархиялық тұрғыда дамып, өрбігені және өзгергені байқалады. Осы жерде біз Қазақстан Республикасындағы нормативтік құқықтық актілердің жалпы сатысына тоқталып өткеніміз жөн.

2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабында: «нормативтік құқықтық актілер сатысы:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғары заңдық күші бар.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясын қоспағанда, өзге нормативтік құқықтық актілердің заңдық күшінің арақатынасы мынадай төмендей беретін деңгейлерге сәйкес болады:

1) Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заңдар;

2) Қазақстан Республикасының конституциялық зандары;

3) Қазақстан Республикасының кодекстері;

4) Қазақстан Республикасының шоғырландырылған заңдары, зандары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң күші бар уақытша қаулылары;

5) Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының нормативтік қаулылары;

6) Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтары;

7) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулылары;

8) Қазақстан Республикасы министрлерінің және орталық мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары,

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулылары;

9) орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары;

10) мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдері, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары, әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері және тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық қаулылары.

3. Төмен тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің әркайсысы жоғары тұрған деңгейлердегі нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмеуге тиіс.

4. Туынды түрдегі нормативтік құқықтық актінің нормативтік құқықтық актілер сатысындағы орны негізгі түрдегі актінің деңгейімен айқындалады.

5. Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының актілері, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары нормативтік құқықтық актілердің осы бапта белгіленген сатысынан тыс тұрады»» [45].

Нормативтік құқықтық актілер сатысында Конституцияның маңызды орын алатынын баршамызға белгілі. «Конституция-мемлекеттік құрылыстың негізін белгілейтін, адам құқықтары мен бостандықтарын айқындайтын, орталық және жергілікті органдардың ұйымдастыру негіздерін, олардың өзара қатынастарын бекітетін, ерекше тәртіппен қабылданатын Негізгі Заңы болып табылатын, ең жоғарғы заңдық күші бар құқықтық құжат» [46, 125 б.].

«Бүгінгі танда Конституцияның саяси-құқықтық құбылысы ретінде келесі екі мәнде ұсынған абзал:

-тар (топшаланған) мағынасында Конституция-бұл жоғары зандық күші бар, қоғамдық тәжірибеде теориялық концепция мен әлеуметтік-саяси модельдің нормативтік көрінісі болып танылатын мемлекеттің Негізгі Заңы;

- кең (ауқымдылық) мағынасында Конституция-бұл онда конституциялық құрылыстың құндылықтары, институттары мен нормалары ресми түрде бекітіліген ең жоғары құқықтық форма, яғни адамнан асқан құндылық жоқ, оның құқықтары мен бостандықтары үстемдік етеді, халықтық егемендік қалыптасады деген сөз» [47, 167 б.].

Қазақстан Республикасының Конституциясында ауыл шаруашылық саласына қатысты жалпы нормативтік талаптар көрініс тапқан. Атап айтатын болсақ, Конституция меншіктің түрлерін белгілейді. Жердің құқықтық режимін айқындайды. Табиғи байлықтардың да құқықтық жағдайын көрсетеді. Сондықтан да, ауыл шаруашылық саласындағы, оның ішінде ауыл шаруашылығын мемлекеттік басқару мәселелері де, өзінің бастауын осы Ата Заңның талаптарынан алады.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік басқару саласында заңнаманың массиві өте кең деп біз жоғарыда айтып өткендей, ауыл шаруашылық саласына қатысты Кодекспен реттелетін қатынастардың да үлес салмағы басым. Жалпы 2016

жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» заңның 8-бабына сәйкес елімізде мынандай қоғамдық қатынастар міндетті түрде Кодекстермен реттеледі:

«1) бюджеттік;

2) азаматтық;

3) азаматтық процестік;

4) неке-отбасы;

5) экологиялық;

6) су;

7) жер;

8) орман;

9) салық;

10) кеден;

11) еңбек;

12) қылмыстық жазаларды орындауға байланысты;

13) әкімшілік жауаптылыққа тартуға байланысты;

14) қылмыстық жауаптылыққа тартуға байланысты;

15) қылмыстық-процестік;

16) денсаулық сақтау саласындағы;

17) кәсіпкерлік саласындағы;

18) жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану саласындағы;

19) әкімшілік рәсімдерді және әкімшілік сот ісін жүргізуді жүзеге асыруға байланысты;

20) әлеуметтік қорғау саласындағы біртектес аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттеу мақсатында қабылданады» [45].

Ауыл шаруашылығымен тікелей байланысты және оған қатысты кодекстердің қатарына: Жер кодексі, Су кодексі, Орман кодексі, Экологиялық кодексі және т.б. жатады.

Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылық саласын мемлекеттік басқаруда жер кодексінің алатын орны ерекше. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің жалпы міндеттері мынандай: «Жер учаскесіне меншік құқығы мен жер пайдалану құқығы туындауының, өзгертілуі мен тоқтатылуының негіздерін, шарттары мен шектерін, жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру тәртібін белгілеу; жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды, топырақ құнарлылығын ұдайы қалпына келтіріп отыруды, табиғи ортаны сақтау мен жақсартуды, климаттың өзгеруіне бейімделуді қамтамасыз ету мақсатында жер қатынастарын реттеу; шаруашылық жүргізудің барлық нысандарын тең құқықпен дамыту үшін жағдайлар жасау; жеке және заңды тұлғалар мен мемлекеттің жерге құқықтарын қорғау; жылжымайтын мүлік нарығын жасау мен дамыту; жер қатынастары саласында заңдылықты нығайту болып табылады» [48].

Ауыл шаруашылық саласын мемлекеттік басқаруда құқықтық негіз болып табылатын кодификацияланған заңның бірі болып «Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексінің мақсаттары мен

міндеттері:

1. Қазақстан Республикасы су заңдарының мақсаттары халықтың және қоршаған ортаның тіршілік жағдайларын сақтау мен жақсарту үшін су пайдалану мен су қорын қорғаудың, сумен жабдықтаудың және су бұрудың экологиялық қауіпсіз және экономикалық оңтайлы деңгейіне қол жеткізу және қолдау болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы су заңдарының міндеттері:

1) су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу;

2) су қатынастарын, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы қатынастарды реттеу;

3) тұрақты су пайдалануды және су қорын қорғауды, сумен жабдықтауды және су бұруды қолдау мен дамытудың құқықтық негіздерін қамтамасыз ету;

4) су қорын пайдаланудың және қорғаудың, сумен жабдықтаудың және су бұрудың негізгі принциптері мен бағыттарын айқындау;

5) су ресурстарын зерттеу, барлау, ұтымды және кешенді пайдалану мен қорғау, гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылыстары саласындағы қатынастарды басқару;

6) жерді гидромелиорациялауды дамыту бағыттарын айқындау;

7) халықты және шаруашылық объектілерін су шаруашылығы құрылыстарындағы төтенше жағдайлардан және олардың зардаптарынан қорғау» [49].

Ауыл шаруашылық саласындағы тағы бір маңызды Кодекс: Орман Кодексі. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман Кодексі: «Орман қорын иелену, пайдалану, оған билік ету жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейді, сондай-ақ орман қорын күзетудің, қорғаудың, молықтырудың, оның экологиялық және ресурстық әлеуетін көтерудің, оны ұтымды пайдаланудың құқықтық негіздерін белгілейді. Орман құқығы қатынастарын реттеу орман биосфераның ғаламдық экологиялық, әлеуметтік және экономикалық мәні бар аса маңызды компоненттерінің бірі болып табылатыны негізге алына отырып жүзеге асырылады» [50].

Ауыл шаруашылық саласын мемлекеттік басқару мәселесімен тікелей байланысты болып келетін кодекстердің қатарына: Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы Экология Кодексі жатады. «Осы Кодекс адам мен табиғаттың өзара іс-қимылы (экологиялық қатынастар) саласында жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға әсер ететін немесе әсер етуге қабілетті қызметті жүзеге асыруына байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді» [51].

Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылық саласындағы мемлекеттік басқаруды реттейтін арнайы заңдардың да маңызы өте жоғары. «Заң-аса маңызды қоғамдық қатынастарлы реттейтін, Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген негізге алынатын қағидаттар мен нормаларды белгілейтін нормативтік құқықтық акт» [52, 102 б.].

Ауыл шаруашылық саласындағы мемлекеттік басқаруға қатысты бірнеше

заңдар бар. Олардың ішінде, біз өте маңызды деген бірнешеуіне ғана жалпы тоқталып өтсек дейміз. «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» [37]. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі заңы былайша айтқанда, бұл бағыттағы негізгі заңдардың қатарына жатады. Біз сөз етіп отырған, заңның 3-бабында: «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеудің мақсаттары мен принциптері белгіленген» [37]. Олардың қатарына мыналар жатады:

«1. Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеудің мақсаттары:

1) ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту және ауыл халқын қолайлы тұрмыс жағдайларымен қамтамасыз ету;

2) мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамытуды қамтамасыз ету;

4) бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімін және оның қайта өңдеу өнімдерін өндірудің экономикалық жағдайларын жасау;

5) органикалық өнім өндіруді дамытуды қамтамасыз ету болып табылады.

2. Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу:

1) экономикалық өсу әлеуеті бар агро-өнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтарды дамытудың басымдығы;

2) ауыл шаруашылығы жөніндегі халықаралық келісімдердің талаптарына, санитариялық және фитосанитариялық нормаларға сәйкестік;

3) мемлекет жүзеге асыратын іс-шаралардың ашықтығы;

4) мемлекеттік қолдау шараларын көрсетудің атаулылығы;

5) отандық агроөнеркәсіптік өндірістің бәсекелестік артықшылықтарын дамыту;

6) ішкі нарықтың жосықсыз бәсекеден қорғалуы;

7) мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату;

8) агроөнеркәсіптік кешен қызметінің және тұрғындардың ауылдық елді мекендерде тұруының экологиялық қауіпсіздігі;

9) кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерімен, қауымдастықтарымен (одақтарымен) өзара іс-қимыл;

10) мемлекеттік реттеу шараларының тиімділігі;

11) агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік қолдаудың жыл сайынғы қажетті көлемін қамтамасыз ету;

12) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің өзара іс-қимылының оңтайлы нысандарын дамыту принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады»» [37].

Қазіргі кезеңде елді мекендердегі ауыл-аймақтарды басқаруда маңызға ие «Жайылымдар туралы Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы заңы» болып табылады. Аталған заңда төмендегідей жайылымдар туралы заңнамасының қағидаттары бекітілген:

«1) өсімдіктердің түрлік құрамын сақтай отырып, нысаналы мақсаты бойынша жайылымдарды ұтымды пайдалану;

2) жеке және заңды тұлғалар үшін жайылымдардың қолжетімді болуы;

3) жайылымдарды беруге және пайдалануға байланысты іс-шараларды жүргізу кезіндегі жариялылық;

4) жайылымдарды басқару және пайдалану жөніндегі мәселелерді шешуге жеке және заңды тұлғалардың қатысуы» [53].

«Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері ауыл шаруашылығы саласын дамытуға қатысты бірнеше бағдарламалық құжаттар қабылданды. Олардың негізінде «АӨК саласындағы мемлекеттік саясат әр түрлі дәрежеде іске асырылды: 1991-1995 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған «Ауыл» әлеуметтік-экономикалық бағдарламасы, 1993-1995 жылдарға және 2000 жылға дейінгі агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың тұжырымдамалық бағдарламасы, Ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламасы, 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік агроазық-түлік бағдарламасы, ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2010 жылға арналған мемлекеттік бағдарламасы, агроөнеркәсіптік кешенді орнықты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін орнықты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі бірінші кезектегі шаралар бағдарламасы, агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламасы, Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі «Агробизнес-2017» бағдарламасы агроөнеркәсіптік кешенді дамыту 2017-2021 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №732 Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасын бекіту туралы Қаулысы» [43, 246 б.].

«2017-2021 ж.ж. кезеңіндегі АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру барысында ҚР агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасын ҚР «Агробизнес-2017» АӨК дамыту жөніндегі бағдарламасымен интеграциялауды атап өткен жөн. Бағдарламаны іске асырудың қанағаттанарлықсыз нәтижелері оны тоқтата тұруға негіз болды және ҚР АӨК дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының күші жойылды ҚР Президентінің 19.04.2019 жылдың №29 Жарлығымен. Сарапшылардың пікірінше, ауыл шаруашылығы өнімдерінің басым 20 түрінің ішінен тек 12 түрі бойынша өндірушілер нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізді, ауыл шаруашылығы өнімдерінің 4 түрі бойынша жоспарлы индикаторлар ішінара орындалды, өнімнің 4 түрі бойынша жоспарлы индикаторлар ішінара орындалды, өнімнің 4 түрі бойынша өндірушілер нысаналы индикаторларды толық сақтады» [57, 78 б.].

«Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың қазіргі заманғы тұжырымдамасында аграрлық сектордың объективті факторлардан - азық-түлікті тұтынудың тар нарығынан елеулі осалдығы, теңіз тасымалдарына

тікелей шығудың болмауы, климаттық жағдайлардан жоғары тәуекелдер, су ресурстарының шектелуі, кредиттік қаржыландырудың қолжетімсіздігі, сауда-логистикалық инфрақұрылымның, ауылдық жерлерде тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің нашар дамуы фактісі айқындалады. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясат ауқымды реформалар жүргізуді көздейді. АӨК мемлекеттік басқаруды жаңғырту саланың ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізуге ілеспе шығыстар саясатын қайта бағдарлауға; өнімділік драйверлері ретінде білім мен цифрландыруға назар аударуға; жекелеген өндірістерден құн тізбегіне баса назар аударуға бағытталған. Аграрлық сектордың жаһандық сын-қатерлерге бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығының өсуін ынталандыру заңнамалық базаны жаңғыртумен, мемлекеттік қолдау жүйесінің тиімділігін арттырумен, білімді тарату жүйесін қалыптастырумен қисынды түрде қатар жүруі тиіс» [2].

«Сонымен қатар, Қазақстанның мемлекеттік жоспарлау жүйесі соңғы жылдары өзінің дамуында бірнеше ірі өзгерістерге ұшырады. Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесін айқындап берді, оның негізгі үрдісі мемлекеттік бағдарламаларды ұлттық жобаларға айналдыру болды» [54]. «Ұлттық жоба-бұған дейінгі мемлекеттік және салалық бағдарламаларды, сондай-ақ, агроөнеркәсіптік кешенді дамытудағы жаһандық сын-қатерлер мен әлемдік трендтерді ескере отырып, күш-жігер мен ресурстарды шоғырландыруды қажет ететін нақты, тораптық міндеттер мен жобаларды шешуге бағытталған.

Екінші деңгейдегі құжаттар әртүрлі тұжырымдамалар, іс-шаралар жоспарлары және Ұлттық жобалар болып табылады. Үшінші деңгейдегі құжаттар-іске асыру деңгейінің құжаттары, орталық мемлекеттік органдардың жоспарлары, квазимемлекеттік сектордың жоспары.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы іске асырылуда» [55]. «2025 жылға дейінгі нақты, қол жеткізуге болатын міндеттер, олардың негізгілері еңбек өнімділігін екі жарым есе арттыру, агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің экспортын екі есеге арттыру және отандық өндірістің әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету арқылы бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіптік кешенді құру болып табылады» [43, 247 б.].

«Біздің ойымызша, мемлекетті бағдарламаларды іске асыру кезіндегі негізгі проблема орындалу барысы мен нәтижелерге қол жеткізу мониторингінің болмауы, бақылау-қадағалау тетіктерінің тиімділігінің төмендігі болып табылады» [43, 249 б.].

Еліміздің ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқаруға қатысты заңнаманы кішігірім талдаудан шығатын қорытынды, ауыл шаруашылығы мемлекеттік басқаруды құқықтық реттеуде Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы негізгі құқықтық бастау қызметін атқарғандығын көруге болады.

Жоғарыда біз талдап өткен ауыл шаруашылығын мемлекеттік басқаруға

қатысты кодификацияланған заңдар да, бұл істі реттеуде маңызды роль атқарып келеді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығын мемлекеттік басқаруда арнайы қабылданған заңнамалық актілердің маңызы зор екендігін ерекше атап өтуге болады. Бұл заңдар агроөнеркәсіп саласындағы мемлекеттің реттеуші рөлін айқындап, ауыл шаруашылығына қатысты заңдық нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді. Ауыл шаруашылығының тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті құқықтық негіздер мен реттеуші тетіктерді құрай отырып, аталған заңдар агроөнеркәсіп кешенінің тұрақты дамуында маңызды рөл атқарады және де, заңнамалық актілер ауыл шаруашылығының әртүрлі салаларына қатысты өзара байланысты құқықтық реттеу шараларын қалыптастырып, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған.

1.3 Қазіргі кезеңдегі құқықтағы ауыл шаруашылығын мемлекеттік басқаруды реттейтін нормалардың орны

Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылық саласын мемлекеттік басқарудың құқықтық нормалар жүйесіндегі орны мен ролін айқындау теориялық маңызды мәселенің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік басқарудың құқықтық нормалар жүйесіндегі орны мен рөлін анықтау, аграрлық секторды басқарудың заңдық негіздері мен тетіктерін тереңірек түсіну тұрғысынан ғылыми және тәжірибелік маңызы бар мәселе болып табылады. Бұл мәселенің өзектілігі, ауыл шаруашылығын тиімді дамыту үшін қажетті құқықтық нормалардың құрылымын зерделеуді, сондай-ақ мемлекеттік органдардың агроөнеркәсіп кешенін реттеу және басқарудағы құқықтық шараларын ұйымдастыруды қамтамасыз ету қажеттігін көрсетеді. Осылайша, ауыл шаруашылығын басқарудың құқықтық аспектілерін зерттеу, осы саладағы басқару жүйесін жетілдіру мен оның тиімділігін арттыру бағытында маңызды ғылыми, әрі тәжирибелік маңызға ие.

Осы уақытқа дейін аграрлық құқық ғылымында бұл мәселе арнайы қойылып, оның орнын негіздейтін ғылыми пайым әлі қалыптаса қойған жоқ. Біз ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық нормалар жүйесіндегі орны мен ролін айқындамас бұрын, жалпы құқықтық норма, оның құрылымдық ерекшеліктері туралы сөз қозғағанымыз дұрыс болады. Себебі, аталған теориялық мәселелерді айқындай отыра ғана, ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық нормалар жүйесіндегі орнын дәп көрсете білеміз. Енді, құқық нормасының теориялық анықтамасына келетін болсақ: «Құқықтық норма заңда ресмилендірілген нормативті нұсқау. Ол жалпыға міндетті, мемлекеттің атынан баянды етілген, қоғамдық қатынастарды реттейтін билік. Оған мына белгілер тән. Құқықтық норма ең маңызды, қоғам, тұлға үшін өте қажет қоғамдық қатынастарды бейнелейді. Құқықтық нормада қоғам, тұлға үшін пайдалы, қажетті қатынастармен қатар, зиянды қатынастар да бейнеленеді. Заң бұзушылық қоғамға, тұлғаға шексіз зиян келтіруі мүмкін. Құқықтық норма осындай іс-әрекеттерді де камтиды. Құқықтық норманың

екінші белгісі-ол реттелетін қоғамдық қатынастардың үлгісі (моделі) болып саналады.

Үлгі - оң және теріс мінез-құлықтың бейнесі болуы мүмкін. Тұлға өзіне жүктелген міндетті қалтқысыз орындаса, ол оң үлгіге жатады. Егер адам заң бұзса, ол теріс үлгіге жатады. Құқықтық норманың жалпыға бірдей сипаты бар. Құқықтық нормада нақтылы, жеке субъектілер көрсетілмейді. Ол реттейтін қоғамдық қатынастарға қатысатындардың барлығы құқықтық норманың талабына бағыну кажет. Мемлекет, қоғамдық бірлестіктер, жеке адам заң нормасының талабын мүлтіксіз сақтауға, орындауға міндетті. Заң нормасының талабын өз еркімен орындамаса, оны бұзған тұлғаға мемлекет тарапынан мәжбүрлеу шаралары колданылады. Демек, заң нормасын мемлекет қорғайды» [56, 54-55 бб.]. Заңамалық қалыптардың құрамында оның құрылымдық жүйесін құрайтын негізгі құрылымдық элементтер бар. Сол элементтерге көңіл бөлетін болсақ, құқықтық нормалар жүйесінде құқық саласы ерекше роль атқарады. «Құқық саласы-ұлттық құқық жүйесі салаларға бөлінеді. Салаларға бөлу құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастардың тектестігіне қарай топтастырылуына байланысты. Бұл қатынастар топтарының ерекше сипаттары болуы себепті, оларды ерекше дербес құқықтық рәсімдермен реттеуге мүмкіндік туады. Сондай қоғамдық қатынастардың топтарын дербес реттейтін құқықтық рәсімдердің жиынтығы құқықтық сала деп аталады. Мысалы, мемлекеттік құқық, отбасы құқығы, азаматтық құқық, қылмыстық құқық т.б.» [57, 128 б.].

Құқық теориясында құқық салаларын ғылыми негіздеп бөлу мәселесі бірнеше кезеңдерді қамтығаны белгілі. Құқық саласын ажырату теоретик ғалымдардың ортасында үлкен пікір-талас тудырған болатын. Сол пікір-таластың нәтижесінде белгілі бір ортақ пікір-таластық нәтижелерге қол жеткізілді: «Бірінші пікірталастың нәтижесі (1938-1940 жж.) құқықтың он саласын (мемлекеттік, еңбек, жер, колхоз, әкімшілік, бюджеттік-қаржылық, отбасылық, азаматтық, қылмыстық, сот құқығы) бөліну және жеке және жария құқықтың бөлінуін жоққа шығару болды.

Екінші пікірталас (1956-1959 жж.) нәтижесінде құқық жүйесінің үш құрамдас бөлікке бөлінуін дамытты: 1) Мемлекеттік құқық (кеңестік құқық жүйесінің негізгі буыны ретінде); 2) Материалдық салалар (қылмыстық, азаматтық, әкімшілік, еңбек, колхоз және отбасы құқығы); 3) Процестік салалар (қылмыстық-процестік және азаматтық-процестік құқық)» [11, с. 33-34].

Құқық теориясы контексінде қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты құқықтық норманың құрылымдық жүйесіне кіретін маңызды құрамдас бөлік - құқықтық институт болып табылады. Құқықтық институттың мәнін зерттеу, оның құқықтық реттеудің жалпы жүйесіндегі рөлі мен маңызын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін жақтарына тоқталсақ: «Құқықтық институт-ерекшеленген құқық нормаларының кешені, құқық саларының арнайы бөлігі ретінде, белгілі қоғамдық қатынастарды реттейтін түрлерінің бірі. Құқық саласынан құқық институтының айырмашылығы, ол белгілі қатынастардың тек бір бөлігін ғана реттейді» [58, 176 б.]. Құқық нормасының негізгі элементтерін талдай келе, біз ауыл шаруашылық саласындағы мемлекеттік басқару құқықтық

салашығы ма? немесе ерекше құқықтық институт па?, - деген мәселеге келеміз. Осыны айқындай отыра ғана, жалпы ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық нормалар жүйесіндегі орнын белгілеп көрсетуге мүмкіндік аламыз. Жоғарыда айтып кеткенміздей, ауыл шуаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық нормалар жүйесіндегі орны мен ролі осы уақытқа дейін нақты айқындалмаған теориялық талас тудырып отырған мәселе болып табылады. Осы жерде біз ауыл шаруашылық өндірісін сақтандыру мәселесімен айналысушы ғалымдарымыздың бірі, Ж.Б. Ақшатаеваның осы бағыттағы пікіріне тоқталсақ: «Қорытындылай келе, ауыл шаруашылық өндіріс сақтандыру нормалары өзімен аграрлық құқық институының құқықтық кешенін құрайды.

«Ауылшаруашылық өндірісін сақтандыру қатынастарын реттеу құқығы» институты аралас болып табылады, яғни оның жүйесіне аграрлық, азаматтық, сақтандыру құқығы кіреді, демек кешенді құқықтық институт. Аграрлық құқықтың ерекшелігі ретінде, оның субинституттарының құқықтық институтаттарынан «сақтандыру құқығы» болып табылады» [14, 87 б.]. Сонымен қатар, аграрлық және экологиялық құқық саласынының белгілі мамандарының бірі, С.Т. Күлтелеев экологиялық құқықтың жалпы бөлімінің және ерекше бөлімінің құқықтық институттарын төмендегідей бөліп көрсетеді: «ҚР экологиялық құқығы» оқу курсының жалпы бөлімі; онда оның мынадай институттары мен жекелеген мәселелері баяндалады:

«- Қоғам мен табиғаттың өзара іс-қимылы-қоршаған ортаны қорғаудың өзекті мәселесі;

- Әлемдегі және Қазақстан Республикасындағы экологиялық проблемалар;

-Табиғатты құқықтық қорғау, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және молықтыру ұғымы;

- Қазақстан Республикасының экологиялық құқығының даму тарихы;

- Экологиялық құқық ұғымы, пәні, әдісі, принциптері;

- Экологиялық құқық көздері;

- Табиғи ресурстарға меншік құқығы;

- Табиғатты пайдалану құқығы;

- Экологиялық пайдалануды және қоршаған табиғи ортаны қорғауды мемлекеттік реттеу және басқару;

- Экологиялық бақылаудың ұйымдық-құқықтық нысандары;

- Қоршаған ортаға әсерді бағалау және экологиялық сараптама. Экологиялық мониторинг және табиғи-ресурстық кадастрлар: Экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік.

Ерекше бөлімде мынадай институттар баяндалған: жерді, жер қойнауы суларын, ормандарды пайдалану мен қорғаудың экологиялық-құқықтық режимі; атмосфералық ауаны экологиялық-құқықтық қорғау; жануарлар дүниесін өсімін молайту мен пайдалануды қорғаудың экологиялық-құқықтық режимі; ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың экологиялық-құқықтық режимі. Бұдан басқа, мәселелер: атом энергиясын және қоршаған ортаға радиациялық әсерді құқықтық реттеу; қоршаған табиғи ортаны халықаралық-құқықтық қорғау»

[59, с. 61].

Жоғарыдағы теориялық мәселелерді талдай келе, бізде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқаруды жалпы аграрлық құқықтың-ерекше құқықтық институты деп айқындай аламыз. Оның ішінде, ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқару, бір бағытты құқықтық институт емес, ол өзінің бойына басқа да, құқық саласының нормаларын топтастыратын-кешенді құқықтық институт болып табылады. Оның басты себебі, жалпы Қазақстан Республикасының аграрлық құқығы-кешенді құқық саласын құрайды. Яғни, Қазақстан Республикасының құқық жүйесіндегі кешенді құқық саласы болып табылады.

Құқықтық нормалар жүйесіндегі ауыл шаруашылық саласындағы мемлекеттік басқару кешенді құқықтық институттының құрылымдық жүйесін айқындауда, теориялық тұрғыдан өте маңызды мәселе болып табылады. Ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың құрылымдық бағыттарын айқындау арқылы, оның құқықтық нормалар жүйесіндегі ерекшелігін тануымызға болады.

Бұл бағытта да, агарарлық құқық саласымен айналысушы ғалымдар тарапынан бірізді көзқарас қалыптаса қоймағандығын көруге болады. Мәселен, Л.К. Еркнбаева, Б. Қалымбек, А.Т. Өзенбаевалар ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқару органдарының жүйесі туралы мынандай пікір білдіреді: «Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқару ауқымы кең жүйеден тұрады.

Ауыл шаруашылығының өзі кешенді мемлекеттік реттеуге жататын болғандықтан, оның жүйесі де күрделі болып келеді. «Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын реттеу және басқару органдары құзыретіне байланысты төртке бөлінеді:

1) жалпы құзыретті реттеу және басқару органдары (Қазақстан Республикасының Парламенті, Қазақстан Республикасының Президент аппараты, Үкіметі, мәслихаттар, аумақтық атқарушы органдар);

2) арнайы құзыретті басқару органдары (Ауыл шаруашылығы министрлігі, оның құрылымдық бөлімшелері, ауыл шаруашылығын басқарудың аумақтық органдары, мемлекеттік ауыл шаруашылық инспекциялары және т.б.).

3) салааралық құзырет органдары;

4) қызметтік басқару органдары» [60, 41 б.]. Осы зерттеушілер өздерінің ғылыми жұмыстарының бірінде осы мәселеге қатысты төмендегідей пікір білдіреді: «Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығын реттеу және басқару органдары құзыретіне байланысты үшке бөлінеді:

1. Жалпы құзыретті басқару органдары.

Оларға ҚР Президентінің аппараты, ҚР Парламенті, Үкіметі, жергілікті аткарушы және өкілді органдар жатады. Бұл органдардың ауыл шаруашылығын реттеу және басқару ерекшелігі, олардың осы кызметті өз құзыретіне қатысты басқа да міндеттермен, яғни экономиканы дамыту, әлеуметтік саланы, денсаулық сақтау, білім беру, т.б. дамытуды баскару қызметтермен қатар атқаруында болып тұр.

2. Арнайы құзыретті басқару органдары.

Олар Ауыл шаруашылығы министрлігі, оның құрылымдық бөлімшелері, ауыл шаруашылығын басқарудың аумақтық органдары, мемлекеттік ауыл шаруашылық инспекциялары және т.б.

3. Функционалды құзыреті бар органдар.

Оларға ҚР Ұлттық экономика министрлігі, ҚР Энергетика министрлігі, ҚР Инвестициялар және даму министрлігі, ҚР Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі кіреді» [44, 47 б.]. Қазақстандық белгілі ғалымдарымызыдың бірі, Д.Л. Байдельдинов экология сласындағы мемдлекеттік басқару органдарын қарастыра келе, оларды а) жалпы құзыретті мемлекеттік басқару органдары және б) арнайы құзыретті мемлекетітк басқару органдары деп ажыратып көрсетеді [3, с. 2-3]. Ал, отандық ғалымдарымыздың бірі, С.Д. Бекишова өзінің экологиялық қауіпсіздік мәселесіне байланысты зерттеулерінде экология саласындағы басқару органдарының жүйесі: «1) жалпы құзыретті 2) арнайы құзыретті және оларды өз ішінде а) кешенді б) салалық органдар деп ажыратады; 3) функионалдық органдар деп бөледі» [61, с. 137-138].

Ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқару органдарының құрылымдық жүйесін зерделей келе, оған қатысты ғалымдардың пікірін талдай отыра, бізде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқару органдарын олардың қызметтік ерекшеліктеріне байланысты мынандай түрлерге жіктеп көрсетеміз:

Бірінші, ауыл шаурашылығы салаындағы жалпы мемлекеттік басқару органдары;

Екінші, ауыл шаруашылығы саласындағы арнайы мемлекеттік басқару органдары;

Үшінші, ауыл шаруашылығы саласындағы функионалдық мемлекеттік басқару органдары.

Қорытындылай келгенде, айтарымыз ауыл шаруашылық саласындағы мемлекеттік басқару кешенді құқықтық институт ретінде ішкі құрылымдық элементтері өзара байланысты күрделі органдардың жиынтығынан тұратын ауыл шаруашылық саласының негізгі бағыттарының құрылымына кіретін нормалардың жиынтығын топтастырады.

2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

2.1 Ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы мемлекеттік басқару органдары

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын басқару жүйесінде шешуші рөл Қазақстан Республикасының Президентіне жүктелегені баршамызға мәлім. Қазақстан қазіргі кезеңде Президенттік басқару жүйесіндегі мемлекет екендігі баршамызға белгілі. Жалпы Президенттік институт тарихи тамыры терең және қазіргі кезеңдегі әлемдік басқару жүйесіндегі көп елдерге тән бірден-бір жетекші институттардың бірі. «Мемлекеттің және атқарушы биліктің басшысы ретінде Президент лауазымы бірінші рет Америка Құрама Штаттарында пайда болды. Қазіргі кезде көптеген елдерде ел Президенті қызметі орнықтырылады. Президенттік қазіргі таңда Еуропаның, Азияның, Африканың, Американың көптеген елдерінің саяси жүйесінің элементі болып табылады» [62, 294 б.]. «Қазақстан Республикасының Президенті жеке-дара мемлекеттік орган болып табылады, яғни оның мәртебесі бір мезгілде, мемлекеттік орган мен лауазымды тұлғаның белгілерін бойына біріктірген» [63, с. 141]. Қазақстан Республикасының Президенті ауыл шаруашылық саласын басқаруда мемлекет басшысы ретінде ауыл шаруашылығының дамуының стратегиялық негіздерін айқындай отыра, оны осы бағытқа жауапты тиісті органдарға тапсыра отырып, оларға жалпы басшылықты жүзеге асырып отырады. Президенттің ауыл шаруашылығы саласындағы пәрменінің негізінде ауыл шаруашылығының саясатының негіздері айқындалып, нақты өмірге бағыт-бағдар ретінде беріледі.

Ауыл шаруашылығын басқарудағы Қазақстан Республикасы Президентінің бұл бағыттағы басқаруы біріншіден, оның әр жылғы халыққа Жолдауларында көрініс таба отыра, жүзеге асады. Екіншіден, еліміздегі ауыл шаруашылық саласына жауапты лауазымды тұлғаларды қызметке тағайындауынан көрінеді. Үшіншіден, біз сөз етіп отырған сала бойынша жуапты мемлекеттік органдарды құру, қайта құру және оңтайландыру бағытынан да көрініс табады. Сонымен қатар, Президенттің бұл бағыттағы басқаруын ««Қазақстан Республикасының Президенті туралы» 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңының 17-1-бабынан көруге болады» [64]. Бұл бапта Президент алдында тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың қызметіне байланысты өкілеттіктері егжей-тегжейлі ашылып, жүйеленуі көрсетіледі. Олардың мемлекеттік билік жүйесіндегі функционалдық маңызы мен өзара іс-қимыл ерекшеліктерін саралап кетеді:

«1. Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының өкілеттігі жаңадан сайланған Президент қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады. Бұл орайда олар Мемлекет басшысы осы органдардың басшыларын тағайындағанға дейін өз міндеттерін атқара береді.

2. Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының ұсынуы бойынша Республика Президенті:

1) осы мемлекеттік органдар туралы ережелерді, олардың құрылымы мен жалпы штат санын бекітеді;

2) егер Республика Президенті өзгеше белгілемесе, Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін органдар басшыларының орынбасарларын, осы органдар ведомстволарының басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) аталған мемлекеттік органдардың ведомстволарын құрады, таратады және қайта ұйымдастырады. Егер Республика Президенті өзгеше белгілемесе, бұл ведомстволар орталық атқарушы органдардың ведомстволары үшін көзделген мәртебені иеленеді.

3. Республика Президенті өзі белгілейтін тәртіп пен мерзімде Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының аталған органдардың жұмысы туралы есептерін тыңдайды»» [64]. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Қазақстан Республикасының Президенті ауыл шаруашылық саласындағы стратегиялық негіздерді өзінің әр жылғы Жолдауларында көрсетіп, тікелей ауыл шаруашылығына қатысты мемлекеттік органдарға бағдарламалық негіз ретінде айқындап беріп отырады. Осы жерде біз: «Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында» [65] ауыл шаруашылығын жетілдіру ісімен оны реттеумен, басқаруға қатысты төмендегідей ұстанымының көрініс тапқандығын айтып өтетін болсақ: «Алдымызда тағы бір өте маңызды міндет тұр. Біз агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліс жасауымыз керек. Ауыл шаруашылығы саласының әлеуеті орасан зор. Бірақ біз қолда бар мүмкіндіктерді әлі де толық пайдаланбай отырмыз.

Қазақстанның айналасында өнім өткізетін өте үлкен нарықтар бар. Онда сапалы азық-түлік өнімдері тапшы. Қазақстанның стратегиялық мақсаты – Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу. Осы мақсатқа қол жеткіземіз десек, ең алдымен, өнімді жоғары деңгейде өңдеуге көшуіміз қажет. Онсыз болмайды. Біз алдағы үш жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін 70 пайызға жеткізуіміз керек. Бұл – нақты міндет. Жұртты өнім өңдеуге ынталандыру керек. Ол үшін салық саясатын қайта қарау қажет.

Бұл салада ірі компаниялар көбірек болса, нақты серпіліс жасауға болады. Біз экспортты ұлғайта отырып, ішкі нарықты да ұстап тұруымыз керек. Сондықтан, елімізге сапалы өнімді қажетті көлемде тұрақты ұсына алатын кәсіпорындар қажет. Отандық агрофирмалардың ірі компаниялар қатарына кіргені жөн болар еді. Сондай-ақ, өзара тиімді шарттарды ұсынып, бұл жұмысқа халықаралық корпорацияларды белсенді түрде тарту керек.

Ет, сүт, астық өнімдерін терең өңдеу және өндірістік жылыжай шаруашылықтарын дамыту сияқты біз үшін болашағы зор бағыттарға басымдық берген абзал. Сонымен бірге, өз еліміздегі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының әлеуетін қаперден шығармаған жөн.

Осы ретте 100-ден астам ірі сүт-тауар фермасы салынып жатқан Солтүстік Қазақстан облысының жетістіктері көпке үлгі. Шаруалардың тәжірибесі мол, жем-шөп қоры да жеткілікті. Оған қоса байыпты қолдау шаралары қолға алынған. Осының бәрі тұтаса келе тәп-тәуір нәтиже беріп отыр. Құс фабрикаларын, көкөніс қоймаларын, ет өнімдерін шығаратын кәсіпорындар салған кезде осы тәжірибені басшылыққа алу керек.

Ауыл-аймақты дамыту үшін шағын шаруашылықтарды қолдау өте маңызды. «Ауыл аманаты» бағдарламасының елге қажет екені айқын көрінді. Оның келесі кезеңінде жеңілдетілген несие берумен шектеліп қалмау керек. Жеке қосалқы шаруашылық иелері өзара бірігуі қажет. Осыған қажетті жағдай жасалуы керек.

Машина-трактор паркінің әбден ескіріп, тозуы – күрделі мәселеге айналды. Қазір ауыл шаруашылығы техникасының 80 пайызы тозып тұр. Сондықтан жыл сайын оның 8-10 пайызын жаңартып отыру қажет. Бұл ретте еліміздегі техника өндірушілер мен шаруалардың да мүддесін ескерген абзал.

Қазір жаһандық бәсеке күшейіп тұр, тауар нарығында өзгеріс бар. Мұндай жағдайда өнім өткізу саясатына ерекше мән беруіміз керек. Жылдар бойы қалыптасқан ішкі және сыртқы нарықтағы орнымызды сақтап қалу айрықша маңызды. Үкіметтің алдында сыртқа шығарылатын өнім нарығының ауқымын жоспарлы түрде кеңейту міндеті тұр. Қазақстанның тауарларын шетелге таныту және шығару үшін тиісті шаралар қабылдаған жөн.

Қазіргі ауыл шаруашылығы – жоғары технологиялы сала. Мұны білесіздер. Шаруаларды жер жағдайы немесе ауа райы емес, инновациялық амал-тәсілдер табысқа жеткізеді. Заманауи ғылымға сүйенбесе, ауыл шаруашылығы жай тоқырауға емес, құрдымға кетеді.

Агроғылымды дамыту және ең бастысы, оны ауыл шаруашылығында іс жүзінде қолдану үшін шаралар қабылдау қажет. Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығын зерттеу ісінің барлық сатысын қамтитын агротехнология хабына айналдыру керек.

Сондай-ақ, шетелдің танымал агро-ғылыми орталықтарымен толыққанды ғылыми-тәжірибелік ынтымақтастық орнату керек. Біз жеке ғылыми-технологиялық бастамаларды қолдаймыз. Білім беру бағдарламаларын ауыл шаруашылығы талаптарына бейімдейміз.

Егін шаруашылығында маңызды реформа жасайтын кез келді. Егіс түрлерін көбейтуіміз керек. Сондай-ақ, көбірек пайда әкелетін дақылдар еккен жөн. Суды көп қажет ететін егіс алқабын біртіндеп азайтып, бір ғана дақыл түрін егуді шектеу қажет. Диқандарды жергілікті тұқыммен қамтамасыз ету маңызды. Сонымен қатар, жаңа сұрыптарды шығарып, оны өсіру мәселесін шешкен жөн.

Мемлекеттің баға реттеу мәселесіне шектен тыс араласуы агроөнеркәсіп кешенін өркендетуге айтарлықтай кедергі келтіріп отыр. Бұл мәселені де шешу керек. Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы ахуалды тұрақтандыру ісінде қазіргіден де маңызды рөл атқаруға тиіс. Бұл мекеме қажет кезде интервенция жасап, бағаның өсімін тежеп отырады. Азық-түлік корпорациясы нарықтағы

жекеменшік иелерінің ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін, оны сақтайтын және сататын толыққанды желі құруына жәрдемдесуге тиіс» [65].

Ауыл шаруашылығын басқарудағы жалпы құзыретті органдардың ішінде, Парламенттің де ерекше орны бар. Бізге тарихтан белгілі демократиялық қоғамның және демократияның негізгі нысаны ретінде өкілді билік антикалық дәуірден бері дамып келе жатыр. Қазақстан Республикасы да, өзінің дамуында өкілді биліктің әр түрлі нысандарын бастан өткерген болатын. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының Парламенті 1995 жылғы 30 тамызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған қолданыстағы Конституциямыздың өмірге келуімен қалыптасқан болатын. «Парламент ең жоғарғы өкілді орган ретінде бірқатар айрықша ерекшеліктерге ие. Парламент Қазақстан халқының атынан, халық пен мемлекет атынан Конституцияда бекітілген өзінің конституциялық өкілеттіктерін жүзеге асырады» [66, с. 60]. Қазақстан Республикасының Парламенті ауыл шаруашылық саласын басқаруға бірнеше нысанда қатыса алады. Атап айтатын болсақ: «Қазақстан Республикасының Парламенті заң шығару ісі арқылы, Паралменттік тыңдаулар өткізу арқылы және депутаттық сауалдар қою арқылы. ««Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депуттаттарының мәртебесі туралы» [67] 1995 жылдың 16 қазандағы Конституциялық заңға сәйкес, атап айтқанда осы заңның 16-бабында, мынандай төмендегі мәселелер бойынша заңдар қабылдайды:

«1) жеке және заңды тұлғалардың құқықтық субъектілігіне, азаматтық құқықтар мен бостандықтарға, жеке және заңды тұлғалардың міндеттемелері мен жауапкершілігіне;

2) меншік режиміне және өзге де мүліктік құқықтарға;

3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметтің негіздеріне;

4) салық салуға, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеуге;

5) республикалық бюджетке;

6) сот құрылысы мен сотта іс жүргізу мәселелеріне;

7) білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға;

8) кәсіпорындар мен олардың мүлкін жекешелендіруге;

9) айналадағы ортаны қорғауға;

10) республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысына;

11) мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдар шығаруға хақылы.

2. Өзге қатынастардың барлығы заңға тәуелді актілермен реттеледі»» [67].

Еліміздің Парламенті аталған уақыттар аралығында, яғни өзі бірінші шақырылымнан бастап, жұмыс істеген кезеңннен бері ауыл шаруашылық саласын басқаруға қатысты бірнеше заңдардың легін қалыптастырып та үлгерді. Қазіргі кезеңде еліміздің Парламенті ауыл шаруашылық саласындағы заңдарды жетілген, тиімді талаптарға сәйкес келетін бағытта, кәсіби деңгейде әзірлеп, қабылдауға машықтануы қажет. Осы арқылы ғана ауыл шаруашылық саласын

реттеу мен басқаруды одан сайын жетілдіре түсе аламыз. Қазақстан Республикасының Парламенті тиісті Парламенттік тыңдаулар өткізе отыра, мемлекет өміріндегі басқару ісіне ықпал етіп келеді. Оның ішінде, ауыл шарауашылық ісін басқаруға да қатысуда. Жоғарыдағы Парламенттің мәртебесін айқындайтын Конституциялық заңның 12-бабында қандай мәселелер бойынша Парламенттік тыңдаулар өткізілетіндігі бекітілген. Нақты тоқталып кетсек:

«1. Парламент Палаталары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Парламенттік тыңдаулар өткізеді.

2. Парламенттік тыңдауларды Палаталар Бюроларының шешімдері бойынша Палаталардың тұрақты комитеттері өткізеді әрі олар ашық және жабық нысанда өткізілуі мүмкін.

3. Палаталардың бірлескен немесе бөлек пленарлық отырыстары болатын күндері Парламенттік тыңдаулар өткізілмейді.

4. Парламенттік оппозиция Парламент Мәжілісінің Регламентінде көзделген тәртіппен бір сессия ішінде кемінде бір рет парламенттік тыңдау өткізуге бастама жасауға құқылы» [67]. Сонымен қатар, Парламенттің депутаттық сауалдар салуы, ауыл шаруашылық саласын басқарудағы бір бағыты болып табылады. Депуттаттық сауалға тоқталатын болсақ: «депутаттық сауалдар Парламент Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстарында депутаттың мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына осы органның немесе лауазымды тұлғаның құзыретіне кіретін мәселелер жөнінде Парламент сессиясында негізделген түсініктеме беруін немесе өз көзқарасын баяндауын ресми сұраған талабы болып табылады» [67]. Бір қуантарлық жағдай, еліміздің соңғы сайланған Парламентіміздің мәжіліс депутаттары, бұл бағытта ерекше белсенділік көрсету үстінде. Біздің ойымызша, оған соңғы сайлауда еліміздің 6 партиясының жеңіске жеткен депутаттарының белсенділігі себеп болып отыр. Сонымен қатар, Парламентіміз кәсіби бағытқа жол алуда. Тағы бір айта кететін жағдай, осы уақытқа дейін: ««Қазақстан Республикасының Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» [37] 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 4-бабында Қазақстан Республикасы Парламентінің агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу саласындағы құзыретіне:

1) агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтар саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеу жөніндегі заңдарды қабылдау;

2) республикалық бюджетті бекіту, сондай-ақ республикалық бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекіту кіреді»» [37], - деген норма арқылы Парламенттің өкілеттігі белігіленген болса, қазіргі кезеңде бұл бап алынып (ескерту: 19.04.2023 жылғы №223-VII Заңымен) тасталған. Қазіргі кезеңде уақыт талабы көрсетіп отырғандай, Парламенттің нақты салаларға қатысты осындай өкілеттіктерін орнына келтіру қажет.

Ауыл шаруашылығын басқаратын жалпы құзыретті органдардың қатарында, Қазақстан Республикасының Үкіметі де бар. Қазақстан Республикасының Үкіметі елімізде атқарушы биліктің негізін құрайды. «Атқарушы билік - бұл конституцияның, заңдардың, Президент жарлықтарының орындалуын қамтамасыз етуге, елдің дамуының саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге бағытталған заңға тәуелді, жедел, ұйымдастырушылық-өкімдік, мемлекеттік биліктің маңызды дербес тармағы» [68, 61-62 бб.]. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ауыл шаруашылық саласын басқарудағы құзыреті, «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» 1995 жылғы 18 желтоқсандағы конституциялық заңның 14-бабында көрінс тапқан болатын. Бұл бапта былай делінген:

«1) министрліктердің қызметіне басшылықты жүзеге асырады, олардың Республика заңдарын, Президентінің және Үкіметінің актілерін орындауын қамтамасыз етеді;

2) министрлердің ұсынуы бойынша министрліктер туралы ережелерді, олардың аумақтық органдарындағы және өздеріне ведомстволық бағыныста мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, солардың штат санының лимиттерін бекітеді;

3) министрліктер актілерінің толық немесе бір бөлігінде күшін жояды немесе қолданылуын тоқтата тұрады;

4) сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерінің орынбасарларын қоспағанда, министрлердің ұсынуы бойынша олардың орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

5) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды» [69]. Яғни, заңның аталған бабын тарқатып айтатын болсақ, Қазақстан Республикасының Үкіметі Премьер-Министрдің басшылығымен ауыл шаруашылық министрлігінің қызметіне тікелей басшылықты жүргізеді.

Бұдан басқа, Республикамыздың Үкіметі өз құзыреті шеңберінде: ««Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы мемлекеттік реттеу функцияларын жүзеге асырады, ол экономиканың осы секторларының орнықты өсуін қамтамасыз етуге, ауылдық аудандардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларды жақсартуға, сондай-ақ табиғи ресурстарды пайдалануды оңтайландыруға және ауылдық аумақтарда инновациялық тәсілдерді енгізуге бағытталған шешімдер қабылдауды және іс-шараларды іске асыруды қамтиды:

- агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу;
- азық-түлік қауіпсіздігі саласында бірыңғай мемлекеттік саясаттың жүргізілуін қамтамасыз ету;
- органикалық өнім өндіру саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастыру;
- азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйіне мониторинг жүргізу тәртібін бекіту;

- мамандандырылған ұйымдарды құру және олардың қатысуымен агроөнеркәсіптік кешенді қолдау тәртібін айқындау;

- Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың Бас схемасына сәйкес ауылды оңтайлы қоныстандыру схемасын бекіту кіреді»» [37]. Нақтырақ айтсақ: «Агроөнеркәсіптің кешенді және ауылдық аумақтарлы дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» [37] Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі №66 Заңының 5-бабында орын алған құзыреттер. Ауыл шаруашылық саласындағы жалпы құзыретті органдардың қатарына, жергілікті мәслихаттар мен жергілікті әкімшіліктер де кіреді. Жұмыстың кейінгі бөлімдері мен бөлімшелерінде жергілікті мәслихаттар мен әкімшіліктердің бұл бағыттағы құзыреттері сөз болатындықтан, оны біз тиісті бөлімшелерде талдап көрсетуді жөн көрдік.

2.2 Ауыл шаруашылығы саласындағы арнайы мемлекеттік басқару органдары

Енді, ауыл шаруашылық саласындағы арнайы құзыретті басқару органына тоқталатын болсақ, елімізде бұл орган үлкен өзгерістерден өткен, мемлекеттік орган болып табылады. Тарихқа үңілсек, Қазақстанда ауыл шаруашылық саласын басқаратын арнайы құзыретті орган Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының өмірге келуімен байланысты қалыптаса бастады. Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы 1920 жылы құрылғаны белгілі. Осыған байланысты 15 қазан 1920 жылы жалпықырғыз съезінде Қырғыз Халық Жер Комитеті құрылды [70, с. 81]. Кейіннен, 26 наурыз 1937 жылғы жалпықазақ төтенше съезінің қаулысымен Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Халық Жер комиссариаты құрылады [71, с. 148]. Ал, 1947 жылы жер, техникалық дақылдар және мал шаруашылығы министрлігінің бірігуінің нәтижесінде, Қазақ КСР-ның Ауыл шаруашылығы министрлігі одақтық-республикалық министрлігі ретінде қайта құрылды [71, с. 149]. Соңғы көрсетілген мерзім, еліміздегі ауыл шаруашылығы министрлігінің өмірге келу уақыты болып есептелінеді. 1990 жылдардың басында Қазақ КСР мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті мен астық өнімдері министрлігі негізінде 20 желтоқсан 1990 жылы Қазақ КСР ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі құрылды. Бұл министрліктің өзіндік алға қойған міндеттері болды. Оған тоқталатын болсақ: «Министрліктің негізгі міндеттері мыналар болды: ауылшаруашылық өнімдерін өндіру мен беріп тұруды ынталандырудың кешенді шараларын жузеге асыру; дайындау ұйымдарымен бірлесе отырып, сатып алудын негізгі қағидаларын әзірлеу, мемлекеттік тапсырысты калыптастыру, орналастыру және онын немесе тұтынушыларға азык-түлік пен ауыл шаруашылығы шикізатын міндетті түрде беріп тұру мен өткізудін өзге де формаларының орындалуын бакылау; агроөнеркәсіп кешенінің әлеуметтік және өндірістік дамуынын мемлекеттік бағдарламаларын жасап, жүзеге асыру, ағымдарға талдау жасау, министрлік жүйесіндегі салалардың даму келешегін болжамдап, аныктау; селодағы

экономикалық қатынастарды жетілдіру; ауыл шаруашылық өнімдерінің бағасын түзу механизмін жасау; ауыл шаруашылығының техникалық-энергетикалық саясатын және сервистік қызмет көрсетуін анықтау жұмысын үйлестіру; тиімді технологиялық, техникалық және инвестициялық, саясат жургізу; білікті кадрлар даярлау мен олардың біліктілігін көтеруді ұйымдастыру, оқу орындарына басшылық ету; жерді мелиорациялауда және ішкі шаруашылық суландыру жүйелерін пайдалануда тиімді саясатты жузеге асыру; ауыл шаруашылық дақылдарының, мал мен құстың селекциясы және тұқым өсіру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру; агроөнеркәсіп кешені жүйесінде жерді пайдалану және жерге орналастыру негіздерін жетілдіру; министрліктің ауыл шаруашылығы және ұқсатушы салаларының өнімін сараптауды, оның сапасын, өсімдік карантинін мемлекеттік бақылауды, мал дәрігерлік және тұқымдық қадағалауды жүзеге асыру» [72, 234-235 бб.]. Ал, 1992 жылы 7 ақпандағы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен аталған министріліктің қайта аталуынының нәтижесінде, Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігі құрылды. «Министрлікті негізгі міндеттеріне бірқатар өзгертулер мен толықтырулар енгізілді: мемлекеттің аграрлық және өңірлік саясатын, стратегиялық жоспарларын, реттелетін саладағы мемлекеттік және өзге де бағдарламалар мен жобаларды, атап айтканда: агроөнеркәсіптік кешен, ауыл, балық және су шаруашылығы, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өсімін молайтуды және пайдалануды, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, ауылдық аймақтарды дамыту, егіншілік, тұқым шаруашылығы мен астық рыногын реттеу, өсімдік шаруашылығында міндетті сактандыруды мемлекеттік қолдау, өсімдіктерді қорғау және олардың карантині, ветеринария, сусындарды (алкогольді өнімдер мен этил спиртінен басқа) қоса алғанда, тамақ өнімдерін, былғары (тері илеу және өңдеу), талшықты мақта өндіру мен жүнді қайта өңдеу бөлігінде өңдеу өнеркәсібін, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау (ірісінен баска), агроонеркәсіп кешенін техникалық жарақтандыру, мал шаруашылығы, мелиорация, жерді суландыру және дренаж, ауыл шаруашығы ғылымы мәселелерін қалыптастыру және іске асыру; бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы тауары өндірісін құрудың негізін жасау, ҚР азық-түліктік қауіпсіздігі мен жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету; орман, аңшылық, балық және су шаруашылығын ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды және ауылдық аумақтарды дамыту мәселелерін қоспағанда, реттелетін салада мемлекеттік бақылауды, қадағалауды және басқаруды қамтамасыз ету; агроонеркәсіп кешенін ақпараттық-консультациялық қамтамасыз ету» [73, 88 б.].

Министрліктің өкілеттігіне «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 қазандағы Қаулысымен» [73, 91 б.], Үкіметінің 2009 жылғы 30 наурыздағы Қаулысымен өзгерістер енгізілді. Одан кейін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 шілдедегі Қаулысымен министрліктің құқықтық мәртебесі қайтадан нақтыланып, «Министрлік реттелетін салалардағы басшылықты, атап айтқанда агроөнеркәсіптік кешен, ауыл және балық шаруашылығы, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бүру (елді мекендерде орналасқан су шаруашылық және су бүру жүйелерінен басқа),

өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өсімін молайтуды қорғау және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау саласындағы және ауылдық аумақтарды дамыту, егіншілік, тұқым шаруашылығы мен астық нарығын реттеу, мақта саласы, өсімдік шаруашылығында міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау, өсімдіктерді қорғау және олардың карантині, ветеринария, сусындарды (алкогольді өнімдер мен этил спиртінен басқа) қоса алғанда, тамақ өнімдерін өндіру бөлігінде өңдеу өнеркәсібін, агроөнеркәсіптік кешенді техникалық жарақтандыру, мал шаруашылығы, мелиорация, жерді суландыру және дренаж, ауыл шаруашылығы ғылымы мәселелерін, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде өзінің құзіретіне жатқызылған қызмет саласындағы мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқару орган болып табылды» [73, 91 б.].

Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығының тетігін реттеуге жауапты негізгі орган Ауыл шаруашылығы министрлігі болып табылады. Қазақстанның аграрлық экономикасы болғандықтан, осы саладағы барлық маңызды функциялар дәл осы органға жүктелген. Еліміздегі ауыл шаруашылығының дамуы кәсіпқойлықтың жоғары деңгейіне және уәкілетті орган жұмысының тиімділігіне байланысты. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы» [74] Ережеге сәйкес оның негізгі міндеттері мен өкілеттіктері айқындалған: «Министрлік мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның рәміздері мен айырым белгілері (бар болса), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері мен өзінің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі атауы жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады» [74].

Еліміздегі ауыл шаруашылығына жауап беретін тиісті ведомства ел аумағында, ауыл шаруашылығы саласындағы қызметті жүргізумен қатар, бұл бағыттағы саясатты жүргізеді.

««Ауыл шаруашылығы министрлігі өз қызметін Ата Заңымыздың нормативтік актілеріне, Мемлекет басшысының және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерімен, сондай-ақ осы аталған Ережемен реттеліп отырады. Нормативтік құжатта ауыл шаруашылығы министрлігінің негізгі міндеттері мен құқықтары анықталған. Олардың қатарына мыналар жатады:

- мемлекеттің аграрлық саясатын, реттелетін салаларда даму жоспарларын, ұлттық жобаларды қалыптастыру;
- бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы тауарының өндірісін құру негіздерін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін және жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету;
- агроөнеркәсіптік кешенді ақпараттық-консультациялық қамтамасыз ету;
- реттелетін салаларда салааралық үйлестіруді және мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру;

- өз құзыреті шегінде өзге мемлекеттік органдардың қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

- жер ресурстарын ұтымды және тиімді басқаруды қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру;

- өз құзыреті шегінде Министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

- мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпаратты және материалдарды заңнамада белгіленген тәртіппен сұрату және алу;

- Министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қолданыстағы заңнаманы қолдану жөнінде түсіндірмелер мен түсініктемелер беру;

- Министрлік қызметкерлерінің біліктілігі мен даярлығын арттыруды жүзеге асыру;

- Еңбек кодексінде және мемлекеттік қызмет туралы заңнамада көзделген жағдайда және тәртіппен жұмыскерлерді көтермелеу, оларға тәртіптік жаза қолдану, жұмыскерлерді материалдық жауаптылыққа тарту;

- құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен халықаралық шарттарының жобаларын әзірлеуге қатысу;

- Министрліктің құзыретіне кіретін қызмет саласындағы халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысу;

- ведомстволардың аумақтық бөлімшелеріне орындауға міндетті нұсқаулар беру;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Министрліктің құқықтары мен мүддесін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап арыздар беру;

- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген жағдайларда өз құзыреті шегінде әкімшілік органдарға, лауазымды адамдарға жәрдем көрсету;

- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген жағдайларда және негіздер бойынша әкімшілік рәсімге қатысушының құқықтарын іске асырудан бас тарту;

- қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

- өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;

- Министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын, арыздары мен шағымдарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарау;

- жолданымдарды қабылдау және тіркеу, оларды және оларға қоса берілген құжаттарды ресімдеуге жәрдемдесу, формалды қателерді жоюға және қоса берілетін құжаттарды толықтыруға мүмкіндік беру;

- әкімшілік рәсімге қатысушыға оның әкімшілік рәсімді жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;

- әкімшілік рәсімге қатысушыны өткізілетін тыңдау орны мен уақыты туралы күні бұрын хабардар ету;

- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, әкімшілік рәсім бойынша шешім қабылдау алдында әкімшілік рәсімге қатысушыны тыңдау;

- әкімшілік актіні Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік рәсімге қатысушының не оның өкілдерінің назарына жеткізу;

- ведомстволардың, олардың аумақтық органдарының, сондай-ақ Министрліктің ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру;

- Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті жылдарға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспарларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз ету;

- қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыру» [74].

Ескере кететін мәселе, мемлекетіміздің ауыл шаруашылығы министрлігінің ұйымдық құрылымында елеулі өзгерістер болды десек болады, бұл өз кезегінде, оның функционалдық міндеттерін оңтайландыруға және аграрлық саясат саласындағы қазіргі заманғы талаптарға бейімделуге байланыстылығында. Аталған өзгерістер ауыл шаруашылығын басқарудың тиімділігін арттыруға, министрліктің әртүрлі бөлімшелері арасындағы үйлестіруді жақсартуға және аграрлық секторға тартылған басқа мемлекеттік және жеке құрылымдармен өзара әрекеттесуді жақсартуға бағытталған және ол мынадай құрылымдық бөлімдерге бөлінді:

« - Заң қызметі департаменті;

- Қоғаммен байланыс департаменті;
- Стратегиялық жоспарлау және талдау департаменті;
- Мал шаруашылығы департаменті;
- Егіншілік департаменті;
- Халықаралық ынтымақтастық және инвестиция тарту департаменті;
- Қаржылық құралдар және микрокредит беру департаменті;
- Аграрлық азық-түлік нарықтары және ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу департаменті;
- Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді дамыту және АӨК-ні цифрландыру департаменті;
- Ішкі аудит департаменті;
- Қаржылық қамтамасыз ету департаменті;
- Кадр және әкімшілік қамтамасыз ету департаменті;
- Балық шаруашылығы комитеті;
- Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті;
- Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті;
- Жер ресурстарын басқару комитеті;
- «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру ортылығы» КеАҚ;

- «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» Ұлттық компаниясы» АҚ»» [74].

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің өкілеттіктерін қысқаша талдаудан байқасақ, бұл министрлік аграрлық сектор саласындағы негізгі қызметті үйлестіретін және жүзеге асыратын жалғыз орган болып табылады. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы министрлігінің мәртебесін заңнамалық деңгейде бекіту орынды болып табылады және бұл оның мемлекеттік құрылым шеңберіндегі функциялары мен өкілеттіктерін неғұрлым нақты айқындауға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Мұнымен қатар, ауыл шаруашылығы министрінің деңгейін премьер-Министрдің орынбасарымен тең дәрежеде белгілеп, оның мемлекеттік орган ретіндегі мәртебесін арттырып, аграрлық саясат саласындағы негізгі шешімдерді қабылдау процесінде Министрліктің ықпалын күшейтуде өз әсерін тигізетін еді. Әрине, мұндай қадам әртүрлі мемлекеттік құрылымдар арасындағы жұмысты үйлестіруді жақсартуға ықпал етеді және аграрлық секторды тұрақты дамыту және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін маңызды болып табылатын ауыл шаруашылығы саясатын іске асырудың тиімділігін арттырады деп санаймыз.

2.3 Ауыл шаруашылығы саласындағы функционалдық мемлекеттік басқару органдары

Ауыл шаруашылығы саласындағы функционалдық мемлекеттік басқару органдары аталған бағыт бойынша бір немесе бірнеше құзыреттерді жүзеге асыратын органдардан тұрады. Қазіргі кезеңде елімізде ауыл шаруашылығы саласындағы функционалдық мемлекеттік басқару органдарына «Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігін», «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Экологиялық реттеу және бақылау комитетін»», «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетін»» [44, 53 б.] жатқызуға болады. Қазіргі кезеңде су ресурстары және ирригация мәселесін реттейтін орган арнайы министрлік ретінде құрылғаны баршамызға белгілі. «Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган болып табылады» [75]. Аталған министрлік туралы: ««Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы №863 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі туралы» [75] ережеге сәйкес, министрліктің міндеттері мен өкілеттіктеріне мыналар жатады:

«Міндеттері:

- Су ресурстарын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, сондай-ақ өз

құзыреті шеңберінде осы саладағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру;

- Министрліктің құзыретіне жатқызылған саладағы мемлекеттік саясатты іске асыру үшін орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру;
- Министрліктің құзыретіне қатысты мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- Су ресурстарын сақтау, ұтымды пайдалану және қалпына келтіру жөніндегі шараларды жүзеге асыру;
- Су ресурстарын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы ақпараттандыру және ағарту жүйесін дамыту;
- Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ су ресурстарын басқару саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
- Осы саладағаы мемлекеттік басқару мен мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- Су ресурстарының сақталуын қамтамасыз ету, су ресурстарын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларға басшылық жасау және салааралық үйлестіру;
- Су ресурстарын басқару саласындағы заңнаманы жетілдіру;
- Су ресурстарын басқару саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін жақсарту;
- Су ресурстарын басқару саласында тиімді мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету;
- Өз құзыреті шеңберінде Министрлікке жүктелген басқа да міндеттерді орындау» [75] .

«Өкілеттіктері:

- мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан, лауазымды адамдар мен азаматтардан ақпарат сұрату;
- өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне жатқызылмаған мәселелер бойынша дербес шешімдер қабылдау;
- Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне Министрлік реттейтін салалардағы қызметті жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;
- өз құзыреті шегінде орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілерді және нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды қабылдау;
- нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу немесе осындай актілердің бастамашыл жобаларын уәкілетті органдардың қарауына беру;
- орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға олар қабылдаған актілердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы ұсыныстар енгізу;
- Министрлікке жүктелген функцияларды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың мамандарын, сондай-ақ шетелдік және жергілікті сарапшылар мен мамандарды жұмысқа тарту;

- халықаралық шарттар (келісімдер) жасасу жөнінде ұсыныстар енгізу, шет елдердің тиісті ведомстволарымен, халықаралық ұйымдармен және шетелдік заңды тұлғалармен келіссөздер жүргізу, шарттар (келісімдер) жасасу;
- реттелетін салаларда орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшыларымен меморандумдар (келісімдер) жасасу»» [75].

Екінші ауыл шуаруашылық саласындағы функционалдық мемлекеттік басқару органына: «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті» [76] жатады. «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті республикалық мемлекеттік мекемесі-Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің экологиялық реттеу және бақылау функцияларын жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады» [76].

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 24 ақпандағы №65-П бұйрығымен бекітілген: ««Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті» [76] туралы Ережеге сәйкес комитеттің негізгі міндеттері:

«- қоршаған ортаның сапасын арттыру, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды сақтау және қоғамның тұрақты экологиялық теңгерімді дамуына қол жеткізу;
- табиғи ресурстарды сақтау, ұтымды пайдалану және қалпына келтіру;
- өз құзыреті шеңберінде қоршаған ортаны қорғау және экологиялық бақылау саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу;
- эмиссияларды ұйымдастыру, үйлестіру, нормалау және экологиялық рұқсаттар беру;
- кешенді экологиялық рұқсатты іске асыру;
- мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру;
- Комитеттің аумақтық экология департаменттерінің қызметін басқару және үйлестіру, сондай-ақ оларды әдістемелік қамтамасыз ету;
- қоршаған ортаны қорғау саласында ақпарат тарату және ағарту жүйесін дамыту;
- Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
- өз құзыреті шегінде Комитетке жүктелген басқа да міндеттерді орындау» [76].

Оның негізгі қызметтеріне келсек:

« - реттелетін салаларда рұқсаттық бақылауды жүзеге асырады;
- қауіпті қалдықтарды экспорттауға және импорттауға лицензия береді;
- парниктік газдар шығарындыларына қосымша квота көлемін береді;

- өз құзыреті шегінде мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізеді, кейіннен мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы қорытындымен бірге беріледі, келісіледі немесе келісілмейді;

- Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 87-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген объектілер бойынша мемлекеттік экологиялық сараптама шеңберінде I санаттағы объектілер үшін ықпал етуге рұқсат беруді жүзеге асырады;

- кешенді экологиялық рұқсат беруді жүзеге асырады;

- қоршаған ортаға ықтимал елеулі әсерлерді анықтау, зерделеу және бағалау мақсатында қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүзеге асырады, кейіннен қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды бере отырып, оны одан әрі іске асыруға жол беріледі/жіберілмейді;

- кейіннен қоршаған ортаға әсерді бағалаудың қамту саласын айқындау туралы қорытынды бере отырып, қоршаған ортаға әсерді бағалаудың қамту саласын айқындайды;

- I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсатты және кешенді экологиялық рұқсатты қайта ресімдейді;

- I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат және кешенді экологиялық рұқсат беруден бас тартуды жүзеге асырады;

- берілген бөлігінде түзетуді жүзеге асырады:

- I санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсат;

- кешенді экологиялық рұқсат;

- мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы;

- қоршаған ортаға әсерді бағалаудың қамту саласын анықтау туралы қорытындылар;

- оршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытындылар;

- апелляциялық комиссия құрады;

- апелляциялық комиссияның Ережесін және құрамын бекітеді;

- тексеру нәтижелері туралы актіге шағымдарды, мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың әрекеттері мен әрекетсіздігін қарайды;

- Қазақстан Республикасының экология заңнамасының талаптарын бұзуға байланысты жеке және заңды тұлғалардың рұқсаттарын, қорытындыларын, лицензияларын және басқа да рұқсат беру құжаттарын кері қайтарып алу, олардан айыру және олардың қолданысын тоқтата тұру бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шараларды қабылдайды;

- қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін бақылауды жүзеге асырады;

- жер қойнауы учаскесін консервациялау жобасын келіседі;

- өз құзыреті шегінде табиғи ресурстарды пайдалану саласында лицензиялар, рұқсаттар, шарттар (келісімшарттар) беруді келіседі;

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және

қызметтер көрсетуге лицензиялар беруді жүзеге асырады (қызметтің кіші түрлері: шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін табиғат қорғауды жобалау, нормалау; қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою);

- өз құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу жүйесін, сондай-ақ табиғатты ұтымды пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды ынталандырудың экономикалық әдістері мен тетіктерінің жүйесін ұйымдастырады және жетілдіреді;

- өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен экологиялық ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді» [76].

Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының сақталуын, оның ішінде экологиялық заңнаманың сақталуын, оның ішінде:

«- Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының сақталуына;

- қоршаған ортаның ластану салдарын жою бойынша шаралар өткізу;

- жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың аяқталуына қарай босаған немесе басқа да процестер мен жұмыстарды бұзатын жерлерді Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарына сәйкес оларды одан әрі пайдалану үшін жарамды күйге келтірумен;

- қоршаған ортаны қорғауға қатысты лицензиялық-келісімшарттық шарттардың сақталуына;

- белгіленіп отырған қызметті іске асыру кезіндегі іс жүзіндегі әсерлердің жобадан кейінгі талдау нәтижелері бойынша экологиялық бағалауды жүзеге асырады;

- қоршаған орта объектілерінің бүлінуіне әкеп соғатын ластанудан, суланудан және техногендік процестерден сақталуына;

- жер қойнауын пайдалану объектілерін консервациялау, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу салдарын жою;

- жер қойнауын пайдалану және пайдалы қазбаларды өңдеу кезінде экологиялық нормалар мен ережелерді сақтау;

- пайдалы қазбаларды өндіру және қайта өңдеу кезінде қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша жобалық шешімдердің сақталуына;

- жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде авариялық немесе өзге де қауіпті жағдайларды болғызбау жөніндегі іс-шараларды орындауға;

- су сапасының нормативтерін сақтау;

- атмосфералық ауаны қорғаудың, оның ішінде көлік және басқа да жылжымалы құралдарды пайдалануға шығару және пайдалану кезінде техникалық регламенттердің, нормативтердің, қағидалардың және өзге де талаптардың сақталуына;

- қалдықтарды жинау және жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі талаптардың сақталуына;

- парниктік газдар шығарындыларын жүзеге асыру кезінде талаптардың сақталуына;

- қоршаған ортаны ластаудың алдын алу жөніндегі экологиялық талаптар бөлігінде радиоактивті және өзге де экологиялық қауіпті заттарды пайдалану, сақтау, тасымалдау, көму, кәдеге жарату немесе өзге де айналысы қағидаларын сақтау;

- экологиялық рұқсаттарда белгіленген табиғат пайдалану шарттарының орындалуымен;

- өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алу, кәдеге жарату және залалсыздандыру бойынша белгіленген нормалар мен ережелерді сақтау;

- ластаушы заттар шығарындыларының, төгінділерінің стационарлық көздері бар және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыратын объектілерге қойылатын экологиялық талаптарды сақтау;

- тазарту құрылыстары жұмысының технологиялық регламенттерінің сақталуына;

- өндірістік экологиялық бақылау нормалары мен ережелерінің сақталуына;

- Қазақстан Республикасының міндетті экологиялық сақтандыру туралы заңнамасының сақталуына;

- қоршаған ортаны қорғау саласында лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асырудың біліктілік талаптары мен ережелерін сақтау;

- мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізудің міндеттілігі туралы талаптардың сақталуына және оның шарттарының орындалуына;

- қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау ережелерін сақтау;

- «Байқоңыр» кешенінің аумағында экологиялық заңнама талаптарының сақталуына;

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға озонды бұзатын заттардың нақты әкетілген, әкетілген және өткізілген саны туралы деректерді ұсыну туралы талаптардың сақталуына;

- өндірушілердің (импорттаушылардың) қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы төлеу жөніндегі талаптарды орындауы;

- оператордың Қазақстан Республикасының Экология кодексінде айқындалған талаптарды өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындауымен байланысты мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асырады;

- мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы кезінде Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

- шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндеттерді орындауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

- полигондарда қалдықтарды орналастыруға және полигондарды күтіп-ұстауға қойылатын талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

- мемлекеттік экологиялық бақылау органдары жүйесіндегі зертханалық-талдамалық бақылау қызметтерінің қызметін жетілдіреді;

- жарғысында қоғамдық экологиялық бақылау функциялары көзделген қоғамдық бірлестіктердің тізбесін жасайды» [76].

« - Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемаларын, аумақты дамытудың өңіраралық схемаларын, қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын және экологиялық дәліздердің аумағын қозғайтын өзге де қала құрылысы құжаттамасын келісуді жүзеге асырады;

- құзыреті шегінде кемелерден ластануды болдырмау жөніндегі қағидаларды келіседі;

- реттелетін салаларда мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіруді жүргізеді;

- нормативтік құқықтық актілерді, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды орындайды, реттелетін салалардағы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізеді;

- мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

- мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруды, оған қолжетімділікті қамтамасыз етеді;

- мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

- көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда хабардар болуын қамтамасыз етеді;

- мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың өтініштерін қарайды;

- көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды;

- мемлекеттік қызметтер көрсету, мүгедектермен қарым-қатынас жасау саласындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;

- ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін оңтайландыру және автоматтандыру бойынша шаралар қабылдайды;

- мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне жаңа мемлекеттік көрсетілетін қызмет енгізілгеннен кейін ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны көрсетуді электрондық форматқа көшіру жөнінде шаралар қабылдайды;

- бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпарат ұсынады» [76].

« - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына ішкі бақылау жүргізеді;

- көрсетілетін қызметті берушілердің мемлекеттік қызметтер көрсету

тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді сақтауын қамтамасыз етеді;

- халықаралық шарттардан туындайтын Қазақстан Республикасы міндеттемелерінің орындалуын және құқықтарының жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ халықаралық шарттарға басқа да қатысушылардың өз міндеттемелерін орындауын бақылайды;

- Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық шарттарын іске асыруды жүзеге асырады;

- нормативтік техникалық құжаттар техникалық регламенттердің талаптарын іске асыру үшін қолданылған жағдайда, Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен оларды ұлттық стандарттар ретінде әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

- реттелетін салада біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен, ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келіседі және бекітеді;

- екінші санаттағы рұқсатты алу үшін өтініштер нысандарын, екінші санаттағы рұқсаттардың нысандарын әзірлейді, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен, ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келіседі және бекітеді;

- бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін), тексеру парақтарын іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына қатысты актілерді әзірлейді және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп бекітеді, олар реттеуші мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады;

- реттелетін салаларда тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді және тексерулер жүргізудің бекітілген жартыжылдық кестелерін Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының тексерулер жүргізудің жартыжылдық жиынтық кестесін қалыптастыруы үшін Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

- кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 82-бабының 2-тармағында көзделген құжаттар бойынша реттеушілік әсерге талдау жүргізеді;

- реттелетін саладағы мемлекеттік бақылау және қадағалау тиімділігінің мониторингін жүзеге асырады;

- қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді» [76].

«- Қазақстан Республикасының Экология кодексінде көзделген жағдайларда қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

- аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау өлшемшарттарын белгілейді;

- полигон операторының тарату қорын қалыптастыру тәртібін айқындайды;

- қалдықтардың жинақталу лимиттерін және қалдықтарды көму лимиттерін есептеу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

- қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

- жыл сайын 1 мамырға дейін ресми интернет-ресурста өткен жылғы;

- экологиялық залалды ремедиациялау бойынша іске асырылған іс-шаралар;

- мемлекеттік экологиялық бақылау нәтижелері және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін бюджетке өндіріп алынған айыппұлдардың жалпы сомасы туралы ақпарат орналастырады;

- Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік экологиялық бақылауды ұйымдастыруға және жүргізуге қатысты құжаттардың нысандарын әзірлейді;

- өндірістік экологиялық бақылау жүргізу кезінде қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

- қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізу жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды әзірлейді және бекітеді;

- мұнайдың Қазақстан Республикасының теңізінде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында авариялық төгілуін жоюға арналған диспергенттер тізбесіне енгізу үшін диспергенттерді айқындау жөніндегі әдістемені әзірлейді және бекітеді;

- мұнайдың Қазақстан Республикасының теңізінде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында авариялық төгілуін жоюға арналған диспергенттер мен хердерлердің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

- мұнайдың Қазақстан Республикасының теңізінде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында авариялық төгілуін жоюға арналған диспергенттер мен хердерлердің тізбесіне қосу үшін хердерлерді айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

- техникалық газды күкіртпен жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді» [76].

« - Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарын бұзу нәтижесінде алынған экономикалық пайда сомасын айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

- экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны ұсыну қағидаларын, сондай-ақ әсер етуге экологиялық рұқсат бланкілерінің нысандарын және оларды толтыру тәртібін, әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтініштер нысандарын әзірлейді және бекітеді;

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімшелері мемлекеттік қызметшілерінің санаттарын мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға

жатқызу тәртібін айқындайды;

- мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі функциялар мен өкілеттіктерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган, оның құрылымдық және аумақтық бөлімшелері арасында бөлуді белгілейді;
- әсер етуге экологиялық рұқсат берілетін I санаттағы объектілерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган, оның құрылымдық және аумақтық бөлімшелері арасында бөлуді белгілейді;
- нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар лауазымды адамдар лауазымдарының тізбесін, нысанды киім (погонсыз) үлгілерін, киіп жүру тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- қажет болған кезде бақылау жөніндегі іс-шараларды әзірлейді;
- өз құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің қорғалуын қамтамасыз етеді;
- берілген рұқсат құжаттары түзетуді, қайта ресімдеуді және электрондық форматқа көшіруді:
- озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озонды бұзатын заттар бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге, озонды бұзатын заттарды тасымалдауға, сақтауға, рекуперациялауға, қалпына келтіруге, кәдеге жаратуға рұқсаттар;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензиялар (қызметтің кіші түрлері: шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін табиғат қорғауды жобалау, нормалау; қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою);
- қауіпті қалдықтарды экспорттауға және импорттауға лицензиялар;
- озонды бұзатын заттарды және құрамында солар бар өнімдерді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді және Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуді лицензиялар;
- озонды бұзатын заттарды және құрамында солар бар өнімдерді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуге рұқсаттар жүзеге асырады;
- өзінің құрылымдық және аумақтық бөлімшелерінің, лауазымды адамдардың мемлекеттік орган қабылдаған шешімдерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауына ішкі бақылауды жүзеге асырады;
- ауыр металдар эмиссияларын есептеу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;
- жобадан кейінгі талдау жүргізу қағидаларын және жобадан кейінгі талдау нәтижелері бойынша қорытынды нысандарын әзірлейді және бекітеді;
- қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- атмосфералық ауаға жол берілетін антропогендік әсер ету

нормативтерін айқындау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

- су объектілеріне жол берілетін антропогендік әсер ету нормативтерін айқындау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- күкіртті карталарда ашық түрде орналастыру нормативтерінің жобасын әзірлеу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;
- жол берілетін жиынтық антропогендік жүктеме нормативтерін әзірлеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектінің санатын айқындау жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлейді және бекітеді;
- өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын әзірлеу, ішкі есепке алуды жүргізу, өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша мерзімді есептерді қалыптастыру және ұсыну қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- қоршаған ортаға әсер ету туралы қабылданған декларациялар бойынша жиынтық деректер нысандарын әзірлейді және бекітеді;
- қабылданған қаржылық қамтамасыз етуді есепке алу қағидаларын әзірлейді және бекітеді» [76].

«- I санаттағы объектіні пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қаржылық қамтамасыз ету мөлшерін айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

- кепілдік беру, банктік салым кепілі, мүлік кепілі және сақтандыру туралы өтініштің нысандарын әзірлейді және бекітеді;
- I санаттағы объектіні пайдалану салдарларын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қаржылық қамтамасыз ету ретінде ұсынылатын кепілдіктің үлгілік нысанын әзірлейді және бекітеді;
- I санаттағы объектіні пайдалану салдарларын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қаржылық қамтамасыз ету ретінде банктік салым кепілінің үлгілік шартын әзірлейді және бекітеді;
- I санаттағы объектіні пайдалану салдарларын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қаржылық қамтамасыз ету ретінде мүлік кепілінің үлгілік шартын әзірлейді және бекітеді;
- сыртқы тәуелсіз сарапшыларды, оның ішінде оларға қойылатын біліктілік өлшемшарттарын тарту қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;
- жиынтық экологиялық пайдаға талдау жүргізу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;
- мұнайдың Қазақстан Республикасының теңізінде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында авариялық төгілуін жою үшін диспергенттер мен хердерлерді диспергенттер мен хердерлер тізбесіне қосу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- газдарды тазарту қондырғыларын пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- экологиялық рұқсаттар мен қоршаған ортаға әсер ету туралы декларациялардың тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

- қоршаған ортаны қорғау саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

- тиісті салада мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

- өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 2 және 3-тармақтарында, 143-бабының 1-тармағында көзделген нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ тексерулер жүргізудің жартыжылдық кестелерін әзірлейді;

- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізеді;

- мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүргізуді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

- Қазақстан Республикасының атынан жасалатын Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бойынша міндеттемелерді орындайды;

- озонды бұзатын заттарды және құрамында солар бар өнімдерді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді және Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуді лицензиялауды жүзеге асырады;

- озонды бұзатын заттарды және құрамында солар бар өнімдерді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуге рұқсаттар береді;

- Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарын бұзуға байланысты жеке және заңды тұлғалардың рұқсаттарын, қорытындыларын, лицензияларын және басқа да рұқсат беру құжаттарын кері қайтарып алу, олардан айыру және олардың қолданысын тоқтата тұру жөнінде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шараларды қабылдайды;

- өз құзыреті шегінде табиғи ресурстарды пайдалану саласында лицензиялар, рұқсаттар, шарттар (келісімшарттар) беруді келіседі;

- озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озонды бұзатын заттар бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге, озонды бұзатын заттарды тасымалдауға, сақтауға, рекуперациялауға, қалпына келтіруге, кәдеге жаратуға рұқсаттар береді» [76].

«- жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарын сақтауын, оның ішінде:

- Қазақстан Республикасының Экология кодексінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы ережелерін сақтауын;

- ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы экологиялық талаптардың сақталуын;

- жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды консервациялау және салдарын жою, бүлінген жерлерді қалпына келтіру кезінде экологиялық талаптардың сақталуын;

- өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындауын;

- оператордың Қазақстан Республикасының Экология кодексінде айқындалған талаптарды өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындауын;

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы лицензияланатын қызмет түрлерін, сондай-ақ хабарлама жасау тәртібі белгіленген қызметті жүзеге асырудың біліктілік талаптары мен ережелерін сақтауын;

- әкімшілендірілетін қондырғылардың парниктік газдардың квоталанатын шығарындыларының көлемін бақылауды жүзеге асырады;

- шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндеттерді орындауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

- полигондарда қалдықтарды орналастыруға және полигондарды күтіп-ұстауға қойылатын талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

- белгіленген құзыреті шеңберінде тиісті техникалық регламенттер талаптарының сақталуына Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде айқындалған тәртіппен мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады;

- Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау туралы заңнамасы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды;

- Эмиссиялары экологиялық нормалауға жататын ластаушы заттардың тізбесін әзірлейді және бекітеді;

- Нақты аумақтар және (немесе) акваториялар (немесе олардың бөліктері) шегінде табиғи ортаның жекелеген компоненттеріне жол берілетін жиынтық антропогендік жүктеме нормативтерін белгілейді» [76].

« - Стационарлық шығарындылар көздеріне түгендеу жүргізу, оның деректерін түзету, осындай түгендеу жүргізу және түзету нәтижесінде алынған деректерді құжаттау және сақтау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

- экологиялық рұқсаттар мен қоршаған ортаға әсер ету туралы декларациялардың тізілімін жүргізуді ұйымдастырады;

- оршаған ортаны қорғау саласындағы лицензияланатын қызмет түріне олардың кіші түрлері бойынша біліктілік талаптарын әзірлейді;

- I санаттағы объектіні пайдалану салдарларын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қаржылық қамтамасыз ету ретінде сақтандырудың үлгі шартын әзірлейді және бекітеді;

- Жиынтық экологиялық пайданы талдау негізінде Қазақстан Республикасының теңізінде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін таңдау туралы шешімді айқындау, келісу және қабылдау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

- сараптама комиссияларын құрады және олар туралы ережелерді бекітеді;

- сараптамалық кеңестер құрады;

- өз құзыреті шегінде мемлекеттік экологиялық сараптаманың сарапшылық кеңестері туралы ережелерді және олардың дербес құрамын бекітеді;

- қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

- бастапқы консультациялар барысында келісілген тәртіп пен шарттарға сәйкес қозғалатын тараптармен консультациялар өткізуді ұйымдастырады;

- стратегиялық экологиялық бағалау немесе қоршаған ортаға әсерді бағалау процесінде өз функцияларын орындау кезінде қозғалатын тараптармен консультациялар барысында алынған, сондай-ақ қозғалатын тараптардың мүдделі органдары мен жұртшылығы ұсынған ескертпелер мен ұсыныстарды қарауды және есепке алуды қамтамасыз етеді» [76].

« -Экологиялық рұқсаттар беру қағидаларына сәйкес экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасының орындалуына жыл сайынғы мониторингті жүзеге асырады;

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, мұнайдың төгілуіне сезімталдық картасын және экологиялық сезімталдық индексін әзірлеуге, айқындауға және келісуге қатысады;

- бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бюджеттік субсидиялардан экономикалық әсерді айқындау жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

- бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша заттай нормаларды әзірлейді және бекітеді;

- қажет болған жағдайларда бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша өз жүйесінің мемлекеттік мекемелеріндегі бухгалтерлік есеп жөніндегі жалпы ережелерді олардың қызметінің ерекшелігін ескере отырып және мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізудің белгіленген тәртібін сақтай отырып қолдану тәртібі туралы нұсқаулар шығарады;

- бюджеттік мониторингті және оның нәтижелері туралы есепті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға ұсынуды жүзеге асырады;

- тиісті салада мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асырады, өз құзыреті шегінде жетекшілік ететін салаларда мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді, бекітеді;

- салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеуді, төлеуді (ұстап қалуды және аударуды), бухгалтерлік және салықтық есепке алуды жүргізуді және салық есептілігін толық көлемде ұсынуды жүзеге асырады, салық төлеушінің орналасқан жері бойынша салық органына жеке

табыс салық және әлеуметтік салық бойынша декларацияны тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмей ұсынады»» [76].

Сонымен қатар: «- Мемлекеттік сатып алуды өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады; құқықтары мен міндеттемелері; комитеттің құқықтары» [76].

Тағы да тоқталып кететін сәт:

«- Комитеттің құзыретіне кіретін өндірістік қызмет мәселелерін жедел шешуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің құрылымдық бөлімшелерімен өзара қарым-қатынас жасау;

- министрліктерден, ведомстволардан және өзге орталық және жергілікті атқарушы органдардан, кәсіпорындар мен ұйымдардан, сондай-ақ лауазымды тұлғалардан қажетті ақпаратты өз құзыреті шегінде алу;

- кеңесу органы болып табылатын Мемлекеттік экологиялық сараптама жөніндегі Сарапшылық кеңесті құру туралы ұсыныстарды бекіту;

- Комитеттің құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешу үшін, өзге де мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды сұрату және алу;

- Комитет реттейтін қызметті жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

- мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттаманы, талдау нәтижелерін және өзге де материалдарды сұрату және алу;

- Қазақстан Республикасының қоршаған табиғи ортаны және табиғат ресурстарын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік бағдарламаларының және болжамдарының жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды енгізу;

- Министрліктің құрылымдық бөлімшелеріне нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі жөнінде ұсыныстар енгізу;

- өз құзыреті шегінде халықаралық экологиялық ұйымдармен, шетелдік заңды тұлғаларымен өзара әрекеттестікті ұйымдастыру және жүзеге асыру, Қазақстан Республикасы қабылдаған келісімдер мен конвенцияларды, экологиялық бағдарламаларды және жобаларды орындау жөніндегі мемлекетаралық ынтымақтастыққа қатысу;

- аумақтық экология департаменттерінің қызметтерін қадағалау және үйлестіру және бақылау бойынша басшылықты жүзеге асыру;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде бекітілген өзге де құқықтарды жүзеге асыру» [76].

Комитеттің міндеттемелері:

«- Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

- осы Ережеге сәйкес Комитетке жүктелген функцияларды уақтылы және сапалы орындау;

- Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер беру;

- өз құзыреті шегінде және заңнама шеңберінде, бұл жөнінде Министрліктің құрылымдық бөлімшелері мен мемлекеттік органдар ресми

сұрау салған ретте қажетті материалдар мен анықтамаларды ұсыну;

- Комитет қызметкерлерінің әкімшілік мемлекеттік қызметшілер этикасы нормаларын сақтауын қамтамасыз ету;

- Министрлік басшылығына немесе құқық қорғау органдарына белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы жеткізу;

- жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын туғызатын себептерді жою және жұмысты жетілдіру мақсатында қоғамдық пікірді зерделеуді, ондағы сыни ескертпелерді, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін талдауды және қорытуды жүзеге асыру»» [76].

Үшінші функционалдық органға: «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті» «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің құзыреті шегінде оған Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен, өзге де нормативтік құқықтық актілерімен және осы Ережемен жүктелген орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында стратегиялық, реттеуші, атқарушылық және бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган және ведомство болып табылады»» [77].

««2023 жылғы 3 ақпандағы «Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі туралы» [77] аталған комитеттің ережесіне сәйкес оның мақсаттары, құқықтары мен міндеттері төмендегідей:

Мақсаттары:

«- Орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында стратегиялық, атқарушылық және бақылау функцияларын орындау» [77].

Құқықтары мен міндеттері:

«- өзінің құзіреті шегінде орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;

- мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті ақпарат пен материалдар сұратады және алады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

- мемлекеттік қызмет стандарттарына қолжетімділікті қамтамасыз ету;

- мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы мемлекеттік қызметті алушылардың хабардар болуын қамтамасыз ету;

- мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау мен мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау жөніндегі уәкілетті органға, ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау үшін тиісті ақпарат беруге қатысу;

- заңнамада белгіленген тәртіппен қоғамдық мониторинг жүргізетін

коммерциялық емес ұйымдарға тиісті ақпарат беруге қатысу;

- мемлекеттік қызметті алушылардың шағымдары мен өтініштерін қарау;

- Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау» [77].

Қызметтері:

« - Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген құзыреті шегінде мемлекеттік орман қорын иелену мен пайдалануды жүзеге асырады;

- мемлекеттік орман саясатын қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлейді және іске асырады;

- ормандарды күзетуді, қорғауды, молықтыруды және орман өсіруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, өзінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдалануды реттейді;

- орман қорының жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына, пайдаланылуына, ормандардың молықтырылуы мен орман өсіруге тексерулер арқылы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

- ормандарды зиянкестер мен аурулардан қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуына, орман зиянкестері мен аурулары ошақтарының, екпелердің табиғи антропогендік сипаттағы қолайсыз әсерлерден әлсіреуінің және қурап-солып қалуының пайда болуының, таралуының алдын алу, олардың нақты есебін жүргізу мен болжам жасаудың дәлме-дәлдігі жөніндегі шаралардың дер кезінде қабылдануына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

- кеспе ағаштардың бөлінуіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

- мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі түбірімен босату мен ағаш кесу қағидаларының, орман пайдаланудың өзге де қағидаларының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

- мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман тұқымдарының аудандастырылуы, орман тұқымдарын дайындау, өңдеу, сақтау мен пайдалану қағидалары сақталуына мемлекеттік бақылауды және олардың сапасына, питомник шаруашылығының жүргізілуіне бақылауды жүзеге асырады;

- орман қоры жерлерінің олардың нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланылуына және осы жерлердің қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

- құрылыс жұмыстары, пайдалы қазбалар өндіру, коммуникациялар тарту және орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты емес өзге де жұмыстарды орындау кезінде мемлекеттік орман қорын пайдалану тәртібінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

- мемлекеттік орман қоры учаскелерінде есептік кеспеағаштарды және ағаштың кесілетін жасын белгілейді және бекітеді;

- мемлекеттік орман қоры аумағында орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман кадастрын, ормандың мемлекеттік мониторингін жүргізу және орман орналастыру қағидаларын әзірлейді және олардың жүргізілуін қамтамасыз етеді;

- Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар белгілеген қағидаттарға сәйкес ормандарды қорғау, күзету, молықтыру, орман

өсіру және орман пайдалану саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

- облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының орман шаруашылығымен айналысатын құрылымдық бөлімшесі басшысының, сондай-ақ орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдары басшыларының орман қорының жай-күйі, оны күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мәселелері бойынша есебін тыңдайды;

- мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығын, сондай-ақ өзінің қарауындағы ормандардың жай-күйіне және молықтырылуына қауіп төндіретін жұмыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтата тұрады, шектейді, тоқтатады;

- орман қорын күзету, қорғау және пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру, орман селекциясы және орман тұқым шаруашылығы саласындағы ғылыми-техникалық даму бағыттарын айқындайды, ғылыми зерттеу және жобалау-іздестіру жұмыстарын ұйымдастырады;

- облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілдік және атқарушы органдары өкілдерінің қатысуымен өз қарауындағы мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендерлер ұйымдастырады және өткізеді» [77].

«-Қазақстан Республикасының орман заңнамасы, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мен ерекше күзетілетін табиғи аумақтар саласындағы заңнамасы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды;

- облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың орман шаруашылығымен айналысатын жергілікті атқарушы органдарын, сондай-ақ орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдарын орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мәселелері бойынша үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;

- орман орналастыру жобаларын бекітеді;

- мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі түбірімен босату қағидаларына сәйкес мемлекеттік орман қоры аумағында ағаш кесудің жыл сайынғы көлемдерін қалыптастырады және бекітеді;

- орман тұқымдарын аудандастыруды бекітеді;

- орман пайдаланушыларға орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар, аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары, жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген өзінің қарамағындағы мемлекеттік орман қоры жерлерінде құрылыс объектілерін салуға учаскелер береді;

- Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзу келтірген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық мөлшерлемелер әзірлейді;

- ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде орман пайдаланушылар әзірлейтін өртке қарсы іс-шаралар жоспарларына қойылатын талаптарды айқындайды;

- облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың орман

шаруашылығымен және ерекше қорғалатын табиғи аумақтармен айналысатын жергілікті атқарушы органдарына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

- ағаштардың қурау және құрып кету қатері төнген кезде мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесуге тыйым салу туралы шешім қабылдайды;

- мемлекеттік органдардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

- ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында мемлекеттік саясатты іске асырады;

- тексерулер арқылы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ормандарында күзет режимдерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

- республикалық және жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдар мен республикалық маңызы бар мемлекеттік қорық аймақтарын тарату және олардың аумағын азайту тәртібін әзірлейді және ұсыныстар енгізеді;

- өзінің қарауындағы заңды тұлға мәртебесіндегі республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар көрсететін қызметтер үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тарифтер мөлшерін бекітеді;

- республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді бекітеді;

- табиғат қорғау ұйымының рәміздерін (эмблемасы мен туын), сондай-ақ табиғат қорғау мекемесінің рәміздерін (эмблемасы мен туын) әзірлеу және пайдалану тәртібін бекітеді;

- өзінің қарамағындағы табиғат қорғау мекемелерінің ережелерін бекітеді;

- заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрамына кіретін су объектілерінде балық аулау көлемдерін бекітеді;

- өздерінің қарамағындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жай-күйі, оларды күзету, қорғау, пайдалану және қаржыландыру мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың есептерін қарайды;

- өзінің қарамағындағы республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, экологиялық дәліздер құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелердің жобаларын әзірлеуді және оларды бекітуді ұйымдастырады;

- өзінің қарамағындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға басшылық жасауды, оларды күзетуді, қорғауды және қалпына келтіруді, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізуді қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

- республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда ғылыми қызмет ұйымдастырады;

- ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрын жүргізеді;

- өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады» [77].

« -Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас

схемаларын, аумақтық дамудың өңіраралық схемаларын, қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын және экологиялық дәліздер аумағын қозғайтын өзге де қала құрылысы құжаттамасын келісімдейді;

- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізеді;

- Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға рұқсаттар береді;

- аңшы куәлігін беру жөніндегі есептіліктің нысанын әзірлейді және бекітеді;

- жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды, будандастыруды жүргізуге рұқсаттар береді;

- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында ғылыми зерттеулер мен жобалау-іздестіру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады және (немесе) қамтамасыз етеді;

- жануарлар дүниесінің мемлекеттік есебін, оның кадастрын және мониторингін жүргізуді ұйымдастырады;

- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік саясатты іске асырады;

- интернет-ресурста зоологиялық коллекциялар тізілімін жүргізеді, орналастырады және тоқсан сайын жаңартып тұрады;

- жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүзеге асыру тәртібінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады» [77].

- Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын айқындау мақсатында жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметін тексереді;

- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

- Аңшылық шаруашылығын жүргізу қағидаларының сақталуына бақылау жасайды;

- Аң аулау қағидаларының сақталуына бақылау жасайды;

- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормалар мен нормативтердің сақталуына бақылау жасайды;

- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылайды және қадағалайды;

- жануарлар дүниесін пайдалануға белгіленген шектеулер мен тыйым салулардың сақталуына бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

- жабайы тірі жануарларды, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағынан әкетуге қорытынды (рұқсат құжатын) береді;

- балық шаруашылығы су айдындарының резервтік қорында және (немесе)

учаскелері мен аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесінің өсімін молайтуды және мемлекеттік есепке алуды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

- жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салуды енгізу, жануарлар дүниесі объектілерін пайдаланудың және (немесе) оларды пайдалануға тыйым салудың белгіленген мерзімдерін ауыстыру туралы шешім қабылдайды, тиісті ғылыми ұйымдар берген, мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізілуге тиіс биологиялық негіздеменің негізінде оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілейді;

- Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпарат ұсынады;

- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

- Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасының, Қазақстан Республикасы орман заңнамасының бұзылуы анықталған жағдайда жеке және заңды тұлғалардың қызметін тоқтата тұрады;

- Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады» [77].

Ауыл шаруашылығы саласындағы функционалдық мемлекеттік басқару органдары ведомстволық тұрғыдан әр түрлі мекемелерге қарайтын болса да, бір мақсатты көздеп жүзеге асыратындықтан функиоанлдық топтаманың ішіне жатқызылады. Аты айтып тұрғандай, функционалдық сипаттағы мемлекеттік басқару органдары ауыл шаруашылығы саласындағы бір бағыттағы немесе бінеше бағыттарды қамтитын қызметтерді жүзеге асырады. Ғылымда функционалдық бағыттағы мемлекеттік басқару органдар жүйесіне басқа да органдарды кіргізетін көзқарастар кездеседі. Бірақ та біздің ойымызша, дау тудырмайтын ауыл шаруашылығы саласындағы функционалдық органдардың жүйесін біз талдап көрсеткен, мемлекеттік органдар құрайды.

3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

3.1 Ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқаруды жетілдірудің мәселелері

Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзекті мәселелері елдің аграрлық саласын дамыту мен дұрыс басқаруға тікелей байланысты. «2019 жылы басталған және бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан пандемия Қазақстанда ауыл шаруашылығының, агроөнеркәсіптік кешеннің және оның жекелеген салаларының жұмыс істеуінің көптеген шешілмеген мәселелерін ашты. 2022 жылдың жазында Қазақстанда «қант үшін адамдардың шайқасы» жарқын мысал болып табылады, бұл мәселе қыстың басында пайда бола бастады, бұқаралық ақпарат құралдарында оның тапшылығы туралы бірнеше рет хабарланды» [78].

Қазақстанның тәжірибесі көрсеткендей, мемлекеттік органдар, оның ішінде бейінді министрліктер аталған проблеманы шешуде өздерінің дәрменсіздігін көрсетті, бұл бірқатар мемлекеттік шенеуніктерді жұмыстан шығарумен аяқталды. Осы мысалда аграрлық өндірістің тұрақтылығын қамтамасыз ету және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзекті мәселелерін шешу мақсатында аграрлық саланы мемлекеттік қолдаудың құқықтық проблемаларын зерделеудің өзектілігі мен қажеттілігі туралы толық жауапкершілікпен айтуға болады.

«Елдің азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің стратегиялық бағыты, елдегі аграрлық өндірісті орнықты дамыту ретінде шешу біздің қоғамымыздың тұрмыс-тіршілігінің салауатты жай-күйі мен қалыпты жұмыс істеуіне тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, қазіргі заманғы даму тенденциялары, органикалық тамақ өнімдерін өндіруге деген қызығушылық оның, Қазақстандағы «жасыл» экономикаға көшу саясатын жүзеге асырудағы маңыздылығы тұрғысынан зерттелмеген. Бұл проблеманы ҚР халықаралық міндеттемелерін орындау тұрғысынан талдау, Дүниежүзілік сауда ұйымының (бұдан әрі - ДСҰ) талаптарын орындау, жайылымдардың шөлейттенуі мен тозуын болдырмау және т. б. қажет» [79, с. 260].

Қазақстанда аграрлық қатынастардың жалпы құқықтық мәселелерін, аграрлық өндіріс саласындағы табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен қорғаудың құқықтық мәселелерін зерттеу бойынша ғылыми негіз бар. Атап айтқанда, Л.К. Еркінбаева: «Аграрлық құқықтық қатынастардың мазмұнын зерттеді» [80], Е.Ш. Дүсіпов аграрлық кәсіпкерліктің құқықтық ерекшеліктерін ашты [81], А.Т. Өзенбаева өз зерттеулерін азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық мәселелеріне арнады [82], И.С. Несіпбаева ауыл шаруашылығы кооперативтерінің құқықтық субъектілігінің ерекшеліктерін зерттеді [83]. Сонымен қатар, шетелдік ғалымдардың, соның ішінде Katherine Hill,Tobias Döring, Beatrice Garske, Jessica Stubenrauch, Felix Ekardt [84], М. Абросимова

және т.б. еңбектері баршылық [85]. Жоғарыда келтірілген ғылыми еңбектерде зерттелетін мәселенің жеке фрагменттері бар, бұл қарастырылып отырған бағытта ғылыми дамуды тереңдету қажеттілігін айқын көрсетеді.

«Жүйелі тәсіл біртұтас өзара шартталған әлеуметтік жүйе түріндегі аграрлық саланы мемлекеттік реттеудің құқықтық проблемаларын зерттеуде қолданылды; кешенді тәсіл ретінде мемлекеттік қолдау, аграрлық саланы цифрландыру процестерін анықтайтын және осы саланы құқықтық реттеуге қажеттілікке әкеп соқтыратын ішкі және сыртқы факторларды есепке алуға және талдауға мүмкіндік берілді; эмпирикалық тәсілі ретінде АӨК-ні мемлекеттік қолдау проблемаларын зерттеуге мүмкіндік берді ұлттық және халықаралық тәжірибені ескере отырып, елде зерттеу жүргізу кезіндегі интеграциялық тәсіл аграрлық саланы мемлекеттік реттеу саласындағы құқықтық нормаларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге, сондай-ақ практикалық ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік берді.

Қазақстан Тәуелсіздігінің отыз жылдық кезеңінде ауыл шаруашылығын және АӨК жүйесін дамытудың бірнеше мемлекеттік бағдарламалары қабылданды.

Олардың әрқайсысының алдында үлкен міндеттер тұрды, соның ішінде ауыл шаруашылығының тұрақты дамуын қамтамасыз ету (өндірістің жеделдетілген өсуі және экспорттық әлеуетті арттыру), оған 2010 жылы қол жеткізу керек болған. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, көптеген міндеттер дұрыс шешілмеген және нәтижелерге қол жеткізілмеген» [79, с. 261]. Осыған байланысты аграрлық қатынастарға қатысушыларға мемлекеттік ықпал ету нысандарын, тәсілдерін, әдістерін, осы саланы қолдауды жүзеге асыруға мемлекеттік қатысуды қайта қарауды талап етті.

«Ұлттық заңнаманың мазмұнын зерделеу «мемлекеттік басқару» мен «мемлекеттік реттеудің» табиғаты туралы біркелкі түсінік жоқ екенін көрсетті, бұл проблема ғылыми әзірлемелер деңгейінде де байқалады. Кейбір ғалымдар басқару мен реттеуді тең деп санайды және оларды қолдану бір-біріне қайшы келмейді. Жоғарыда аталған ұғымдардың қарама-қайшылығы заңнамалық практиканың пайдасына, оларды бірлесіп пайдалану, керісінше, қазіргі заманғы заңнаманың мазмұнын байытады»» [86].

«Екінші жартысы «мемлекеттік реттеу» ұғымы «мемлекеттік басқаруға» қарағанда кеңірек деп санайды және «мемлекеттік басқару» әкімшілік әдістерді тікелей қолдана отырып, мемлекеттік органдардың тікелей араласуы ретінде қарастырылады, ал мемлекеттік реттеу нарықтық қатынастарды реттеудің кеңірек және жанама құралы ретінде қарастырылады. Ол көптеген құралдармен, соның ішінде әдістерді қамтиды» [87].

«Аграрлық саланы мемлекеттік реттеу мемлекеттік саясатты іске асыруда әртүрлі тәсілдерді бастан өткергенін атап өту қажет, бұл объективті және субъективті себептермен, қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен түсіндіріледі. Сарапшылар атап өткендей, «барлық түбегейлі өзгерістер мемлекет экономикасы үшін ауыртпалықсыз болған жоқ. Көпжылдық аймақаралық және салааралық экономикалық байланыстардың бұзылуы ауыл

шаруашылығындағы дағдарысқа әкелді. Жекешелендіру және монополиясыздандыру, АӨК-ні құрылымдық қайта құру, жер қатынастарын нарықтық тетіктер арнасына айналдыру-мұның бәрі орын алған экономикалық аграрлық қайта құрулардың жолдары мен нысандары» [88].

ҚР Үкіметі аграрлық саланы мемлекеттік қолдау жүйесін қайта бағдарлауда белгілі бір қадамдар жасауда, оған сәйкес субсидия алушылар ретінде ауыл шаруашылығы қызметкерлері нақты индикативтік көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша қарсы міндеттемелер алатын норма енгізілді [89].

«Аграрлық салада мемлекеттік басқарудың құқықтық құралдарын дамытудағы елеулі қадам Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын қабылдау болды. Қазіргі уақытта Қазақстан мемлекеттік секторда жобалық менеджменттің құралдарды, әдістерді, озық тәжірибелер мен стандарттарды негізге ала отырып, жобалық басқаруды енгізуге көшті, бұл негізгі ұлттық индикаторларға қол жеткізудің мониторингі мен рейтингін қамтамасыз етеді.

АӨК дамытудың жоғарыда көрсетілген тұжырымдамасы жобалық басқару қағидаттарын ескере отырып жасалды. Көптеген ғалымдардың пікірінше, АӨК саласындағы мемлекеттік қолдау, ең алдымен, аграрлық өндіріс саласында жұмыс істейтін шаруалар үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған. Осыған байланысты оларды жіктеудің әртүрлі тәсілдері бар. Бірінші бағыт субсидиялар мен жеңілдетілген несиелерді бөлу түріндегі қаржылық көмек көрсетумен, инвестициялық қолдаумен, сондай-ақ сатып алу интервенциялары, кепіл операциялары, мемлекет мұқтажы үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізу шараларымен байланысты. Екіншіден, жеңілдіктерді белгілеуге байланысты бұл шаралар (салық, энергоресурстарға, астықты темір жолмен тасымалдауға және т.б. Қолдау көрсету шараларының келесі тобы қызмет көрсетумен байланысты (мемлекеттік кепілдіктер мен кепілгерліктер беру, ақпараттық-консультациялық қызмет көрсету)» [90].

«Жоғарыда келтірілген көзқарастарды, пікірлер мен пайымдауларды талдау негізінде, бұл «мемлекеттің бәсекеге қабілетті отандық ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту үшін құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және өзге де жағдайлар жасау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы қызметін ұйымдастыруға нарықтық құралдарды енгізу, аграрлық саладағы халықаралық ынтымақтастықты шарттар мен шектерде дамыту жөніндегі мақсатты қызметі», - деп біржақты айтуға мүмкіндік беретіндігін және қолданыстағы заңнамада айқындалып кетеді»» [91, 186 б.].

Біздің ойымызша, қарастырылып отырған қызмет саласын белгілеу кезінде «мемлекеттік реттеу» терминін қолдану керек және осы қағида бойынша «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» ҚР заңының мазмұны (мәні) құрылған [37]. ҚР-да АӨК-ті мемлекеттік қолдау жүйесін зерделеуде мемлекет соңғы жылдары ауыл шаруашылығы саласын дамытуға салықтық және өзге де жеңілдіктер түрінде жеткілікті қаржы ресурстарын және басқа да қолдау шараларына бөлгені айқын көрінді. «Осыған қарамастан, олар қажетті нәтиже бермеді, оның маңызды себептерінің бірі - сыбайлас жемқорлық. Осыған байланысты, ҚР Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі: «Соңғы бес жылда субсидиялау ережелеріне 46 реттен астам өзгерістер енгізілгенін айтты. Фермерлер мен инвесторлар толық ақпаратқа ие емес (дезоринтрованы), үнемі сенімсіздікті сезінеді және мемлекеттік қолдауды ескере отырып, ұзақ мерзімді даму жоспарларын құра алмайды. Агробизнес субъектілері агросаясаттың тұрақтылығын талап етеді. Бес жыл ішінде осы сала бойынша 960 қылмыстық іс қозғалды, 450 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған»» [92].

«Осыған байланысты субсидиялау жүйесін қайта қарау қажет деп санаймыз, оның негізінде ауыл шаруашылығын дамытуға мемлекеттік салымдардың ашықтығы, дұрыс бағытталуы және тиімділігі болуға тиіс. Осы саланы цифрландыру және оны енгізу жүйенің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деп санаймыз» [93].

«Бүгінгі күннің тәжірибесі көрсеткендей, ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне заманауи техника, жабдықтар, сумен жабдықтау, инновациялық инфрақұрылымдар салу мәселелерін шешуге жәрдемдесу қажет. «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» ҚР Заңының 6-бабына сәйкес Қазақстанда субсидиялаудың әртүрлі түрлері бар. Субсидиялар ірі және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдетіп өңдеу өнімдерін өндіру үшін сатып алуға жұмсаған шығындарын қаржыландыру мақсатында бөлінеді»» [94], «агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын сақтандыру» [95], «сондай-ақ инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің зардап шеккен шығыстарының бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау»» [96].

Бұдан басқа, Қазақстанда субсидиялардың 10-ға жуық түрі бөлінеді, оның ішінде: «Мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды; асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды; өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды; ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын; ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын; отандық ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу үлесін ұлғайтуды; агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін; ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін дамытуды; агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін; облигациялар бойынша купондық сыйақыны; (6-баптың 41-тармағы)» [37].

Біз, Қазақстан аграрлық секторды субсидиялаудың көптеген прогрессивті құқықтық тетіктерін имплементациялауға тырысады деген қорытындыға келдік, алайда әлі де, тиісті деңгейде орындалып жатқан жоқ. Мысалы, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі АӨК субъектілерін субсидиялау мақсатында: «Мемлекеттік қаржы ресурстарын пайдалану мониторингін қолданбайды. Дегенмен, жобалық басқарудың негізгі қағидаттарына: оның озық тәжірибелер мен практикалар негізінде дамуы; мақсаттардың, нәтижелердің, мазмұнның

қайталануын болдырмайтын, ресурстарды айқындайтын, ақпараттық-аналитикалық платформалармен және деректерді мониторингілеудің, жинаудың және өңдеудің цифрлық жүйелерімен интеграцияланған жоспарлаудың айқындылығы, жобалық басқарудың бірыңғай ақпараттық жүйесі жатады» [97].

Аталған салада мемлекеттік мониторингті енгізу мемлекеттік құрылымдардың нәтижелі өзара іс-қимылы үшін жағдай жасайды және субсидия алушылардың тәртіптілігін арттырады деп санаймыз.

«Біздің ойымызша елімізде 2014 жылы енгізілген АӨК субъектілерінің инвестициялық салымдарына субсидияның жетілдіру перспективалары бар, өйткені ол инновацияларды қолдауға, ауыл шаруашылығын технологиялық жаңғыртуға бағытталған, бұл бүгінде сұранысқа ие деп айтсақ болады» [98].

Сарапшылар АӨК саласында субсидиялауды бағалаудың ғылыми негізделген әдістемелік тәсілдерінің жоқтығын атап өтті, бұл оны құқықтық тәртіпте бекітуді талап етеді. «Шет елдерде субсидиялау жүйесін зерделеу ауылда өндірістік қана емес, сонымен қатар әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымды дамытуға субсидиялар қолданылатынын көрсетті. Сонымен қатар, жер құнарлылығын арттыруға, өндірістік инфрақұрылым мен ғылыми-зерттеу қызметін дамытуға, ауыл шаруашылығы өнімдерін тасымалдауға субсидиялар бөлінеді» [99]. «Қазақстан үшін табиғи-климаттық жағдайлары әртүрлі Финляндияның тәжірибесі қолайлы. Бұл елдегі мемлекеттік қолдау ауыл шаруашылығы Қоры атынан арнайы құрылған үйлестіруші ұйым арқылы, сондай-ақ жаңадан бастаған фермерлер үшін «бастапқы субсидиялар жүйесін» қолдану арқылы жүзеге асырылады»» [100, с. 63].

Мемлекеттік қолдаудың осындай маңызды шараларының бірі-ауыл шаруашылығы өндірісіне инвестиция салу. «Қазақстан бұл тұрғыда түрлі инвестициялық жобаларды жүзеге асыра бастады. 2021 жылы «VALLEY Kusto GB BV» компаниясымен демонстрациялық фермалар желісін құру және Қазақстанда ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін басқару және суарудың заманауи жүйелерін шығаратын зауыт салу бойынша инвестициялар туралы келісімге қол қойылды»» [101].

«ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі жергілікті атқарушы органдардың агроөнеркәсіптік кешеннің 2021-2025 жылдарға арналған инвестициялық жобаларын іске асыру бойынша жол карталарын әзірлеуге бастамашылық жасады. Жол карталарына сәйкес Инвесторлар 5 жыл ішінде ҚР Ауыл шаруашылығына 4,5 трлн теңгеге жуық қаржы салады» [102]. Бекітілген жол карталарына сәйкес 2021 жылға жоспарланған 267 млрд теңгеге 285 жоба бар. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 255 млрд теңге сомасына 281 жоба пайдалануға берілді [102].

«2022 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен келесі компаниялар арасында инвестициялар туралы келісім жасасу мүмкіндігін пысықтау жоспарлануда: «Тайсон Фудстың қатысуымен ІҚМ етін өндіру» бойынша «Tyson Food» жобасы; «KS Genetics» жобасы бойынша Алматы облысында толық циклді инновациялық, экспортқа бағдарланған мал шаруашылығы кешенін құру»; «QAZSUGAR» ЖШС жобасы бойынша: «Тәулігіне 8000 тоннаға дейін қант қызылшасын өңдейтін өндірістік қуаты бар қант зауытын салу»; «Прима Кус»

ЖШС «бройлер етін өндіру және қайта өңдеу бойынша тұйық циклді құс кешенін салу» жобасы. Бұдан басқа, бекітілген Жол карталарына сәйкес 573 млрд теңге сомасына 308 инвестициялық жобаны пайдалануға беру жоспарлануда»» [103].

Қорытындалай келе айтсақ: «Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жағдайында, АӨК субъектілерін мемлекеттік қолдаудың озық және тиімді тетіктері заңнамалық деңгейде бекітілді. Нарықтық қайта құрулардың әсерінен субсидиялау мен инвестициялаудың жаңа бағыттары пайда болды. Инвестициялық субсидия, жаңа бастаған фермерлер үшін «бастапқы субсидиялар жүйесін» қолдану даму перспективаларына ие деп санаймыз, құқықтық тұрғыдан АӨК субсидиялаудың бүкіл жүйесін бағалаудың әдістемелік тәсілдерін реттеу қажет» [37]. «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» ҚР Заңының 8-12 пп. 9-баптың 2-тармағына өзгерту енгізіліп, және ол мынадай редакцияда жазылсын: «жаңадан бастаушы ауыл шаруашылығы кооперативтерінің өндірістік қызметін субсидиялау», - деп көрсетілген [37].

Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау жүйесін зерттеп-зерделеу мемлекеттің соңғы жылдары ауыл шаруашылығы саласын дамытуға жеткілікті қаржы ресурстарын бөлгенін айқын көрсетті. Осыған қарамастан, мемлекеттік қолдау шаралары қажетті нәтиже бермеді, оның маңызды себептерінің бірі сыбайлас жемқорлық болып табылады, ол үшін АӨК ақпаратының цифрлық экожүйесін құру талап етіледі. Қазақстанда жол картасын әзірлеу керек деп санаймыз, онда оның негізгі мақсаттары мен міндеттерін, АӨК саласында ақпарат алмасу және пайдалану мәселелерін айқындау қажет. Ол үшін құқықтық міндеттердің шеңберін шешу ұсынылады, атап айтқанда, ақпаратпен тұрақты түрде алмасып отыру, қойылған міндеттердің орындалуын мониторингтеу рәсімдерін реттеу талап етіледі. Заңнамалық деңгейде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің мемлекеттік қолдау алу құқығын іске асыру тетігін реттеу талап етіледі.

Осыған байланысты АӨК субъектілерінің міндеттемелерді орындау мониторингін цифрландыруды көздеу қажет. ««Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» ҚР Заңының 11-бабы 5-тармақпен толықтырылып, мынадай редакцияда жазылуын ұсынамыз: «Субсидиялау жүйесінің тиімділігін бақылау мақсатында АӨК субсидиялау жүйесін бағалауға әдістемелік тәсілдер негізінде агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті орган АӨК субъектілерінің міндеттемелерді орындауына мониторинг жүргізеді», - деп белгілеу керек»» [37]. АӨК-ні мемлекеттік қолдауды жүзеге асырудың ұйымдастырушылық деңгейін одан әрі жетілдіру қажет.

Тәжірибе көрсеткендей, АӨК жүйесінде теңдестірілген, негізделген және уақтылы шешімдер қабылдау үшін ақпарат алмасу мен таратудың нақты үйлестірілген жүйесінің болмауы байқалады.

Біз ұсынатын АӨК цифрландырудың жол картасы АӨК саласындағы барлық ақпарат иелерінің өзара іс-қимыл мәселелерін, олардың қызметін кооперациялау нысандары мен әдістерін қамтуы тиіс. Осыған байланысты ауыл

шаруашылығы Қоры атынан үйлестіруші ұйым құру ұсынылады.

Ауыл шаруашылығы саласындағы мемдекеттік басқаруды жалпы ауыл шаруашылығындағы заңнаманың тиімділігін арттыру үшін, біздің ойымызша Аграрлық Кодексті қабылдайтын уақыт жеткендей. Бұл мәселені соңғы кезеңде көптеген ғалымдар көтеріп, айтып келеді [104, 3 б.].

3.2 Шет елдердің ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқарудың ерекшеліктері

